



ТЕМІР ТҮЛПАР  
ТІЗГІНДЕГЕН

6-БЕТ | ӘЛЕУМЕТ



ОРАЗАНЫҢ СЫРЫ  
МЕН САУАБЫ

9-БЕТ | ИМАНТАРАЗЫ



ЕЛОРДА МЕКТЕПТЕРІ:  
ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАТЫ

12-БЕТ | БІЛІМ



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Ел басына күн туғанда асыл аналарымыз бен аяулы аруларымыз қиындыққа мойымай, ұлт тағдырына араласты. Еселі еңбегімен және ерен ерлігімен танылған әйелдердің есімі тарих жылнамасына мәңгілікке жазылып, жадымызда жатталады. Егемен елімізде әйелдер қауымы үшін жаңа мүмкіндіктерге жол ашылды. Отбасы институтын, көпбалалы аналарды, кәсіпкер әйелдерді қолдау және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету – мемлекеттік саясаттың аса маңызды басымдығы.

№28-29  
(4617)

Бейсенбі  
7 наурыз  
2024 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## Құрметті де аяулы аналар, қадірлі қыз-келіншектер!

Сіздерді 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Сұлулық пен нәзіктік, отбасының берекесі мен бірлігі сіздерден бастау алады. Әйел қолында тіршіліктің шырайы, отбасының шырағы бар. Бала тәрбиесімен айналыса жүріп, карьера да құрасыздар.

Түрлі салада еңбек етіп, үлкен жетістіктерге жетіп жүрсіздер. Өскекең ұрпақты білім нәрімен сусындатып, денсаулығымызды күтіп, қаланың тыныс-тіршілігіне, қарыштап дамуына өлшеусіз үлес қосып келесіздер. Елордамыздың дамуы мен гүлденуі тікелей сіздермен байланысты.

Әрбір күніңіз шуақты, қуанышқа толы болсын! Сіздерге және жақындарыңызға амандық, зор денсаулық және баянды отбасы бақытын тілеймін!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



## ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ баспасөз қызметінің мәліметі бойынша көктемгі мерекелер кезінде жолаушылар санының артуына байланысты қала маңындағы бағыттарға жүретін қосымша электр пойыздарға билеттер 5 наурыз күні сатылымға шықты. Билеттерді [ilet.gailways.kz](http://ilet.gailways.kz) сайтында және вокзал билет кассаларында сатып алуға болады.


Жолаушылар пойыздарының қозғалыс кестесі бойынша анықтамалық ақпаратты «1433» тегін нөмірі, «KTZH\_PP\_VOT» бот жеделхаттары арқылы алуға болады.



# НЕ ДЕГЕН КӨРКЕМ ЕДІҢ...

## АСТАНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНАДЫ

Алдағы 5 жылда елордадағы көгалдандыру алаңы бір тұрғынға шаққанда 14 шаршы метрден 19 шаршы метрге дейін кеңейеді. Қала аумағында сапалы егілген, күтілген және толық сақталатын кем дегенде 500 мың жасыл желек отырғызылады. Жасыл желектерді цифрлық таңбалаумен және құжаттауды енгізу арқылы Астананың бірыңғай жасыл картасы жасалады. Мұндай жаңалықтарды еліміздегі қалаларды абаттандыру және көгалдандыру мәселелері талқыланған Үкімет отырысында елорда әкімі Жеңіс Қасымбек жария етті.



2

## ОЛИМПИАДА ОЙЫНДАРЫ ӨЗЕН ҮСТІНДЕ АШЫЛАДЫ



PARIS 2024

Биыл жазда Парижде өтетін жазғы Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты ерекше жағдайда өтеді.

Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өзен үстінде ұйымдастырылады. Атап айтқанда, 26 шілдеде Париж қаласының ортасынан ағып жатқан Сена өзенінде өтеді. AFP мәліметінше, Франция Ішкі істер министрі Жеральд Дарманен ойындардың

ашылуында 180 қайық пайдаланылатынын, оның ішінде 94 қайық спортшыларды тасымалдау үшін, 86 қайық техникалық қызмет және күзет мамандары үшін. Олимпиадаға қатысушы барлық спорт делегациялары өзендегі іс-шараға қатысуға

келісім берді. Көрермендер ашылу салтанатын тегін тамашалайтын болады. Бұл стадионнан тыс жерде алғаш рет ұйымдастырылған, бұрын-соңды болмаған Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты болмақ.

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 487.47 \$ USD/KZT 451.03 ₸ RUB/KZT 4.94 ¥ CNY/KZT 62.66

[t.me/elordainfo](https://t.me/elordainfo)

[www.astana-akshamy.kz](http://www.astana-akshamy.kz)



## СЕНАТ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаевты қабылдады. Мемлекет басшысына Парламент Сенатының реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету жұмыстарының өткен айлардағы қорытындысы және алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді. Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, Мемлекет басшысының елімізді және өңірлерді дамытуға бағытталған тапсырмаларының жүзеге асырылуы Сенат үшін негізгі басымдық саналады.

Қазіргі уақытта әйелдердің құқығы мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, трансферттік баға белгілеу, халықтың көші-қоны, байланыс және цифрландыру, ғылым және білім мәселелеріне қатысты заңдар сенаторлардың қарауында жатыр. Ал сена-

торлар ғылым, сот жүйесін реформалау, органикалық өнімдердің айналымы, қауіпсіз еңбек жағдайын жетілдіру және жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау жөніндегі 10 заң жобасын Мәжілістің қарауына ұсынды.

Биыл Бюджет, Құрылыс, Су,

Салық және Цифрлық кодекстерін, сондай-ақ «Мемлекеттік сатып алу туралы», «Масс-медиа туралы» және «Жылу энергетикасы» туралы заң жобаларын қарау жоспарланып отыр. Сенат төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған Қазақстанның Орнықты даму

саласындағы ұлттық мақсаттары мен міндеттерінің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі парламенттік комиссияның жұмысы туралы баяндады.

Бұған қоса, Президентке Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезі хатшылығының қызметі таныстырылды. Қазіргі кезде съезді дамытудың 2023-2033 жылдарға арналған тұжырымдамасы жүзеге асырылып жатыр. Спикер Мәулен Әшімбаев Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сенаттың мәслихат депутаттарымен арадағы жұмысы жандана түскенін айтты. Бұл іске «Өңір» депутаттық тобы мен Сенат жанындағы жергілікті өкілді органдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі кеңес белсенді атсалысуда.

Биыл еліміздегі мәслихат институтының құрылғанына 30 жыл толады. Осыған орай сәуір айында халықаралық конференция өткізу жоспарланып отыр. Кездесу соңында Президент елімізде жүргізіліп жатқан реформаларды заңнамалық тұрғыдан қолдаудың рөлі зор екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев аймақтардың дамуына барынша көмек көрсету мемлекеттік саясаттың маңызды бағыты деп санайды. Оның пікірінше, бұл іске жергілікті өкілді органдардың депутаттарын кеңінен тарту қажет.

## МИНИСТРГЕ ТАПСЫРМА БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады. Президентке елімізде «Заң және тәртіп» қағидатын орнықтыру, кез келген құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік жағдайын қалыптастыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар жөнінде есеп берілді.

Ержан Сәденов ведомство өз қызметі барысында Мемлекет басшысының Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысында берген тапсырмаларына сәйкес құқық бұзушылықтың алдын алу және азаматтардың құқықтық сауатын арттыру мәселелеріне баса мән беріп отырғанын баяндады. Соның нәтижесінде жыл басынан бері қылмыс деңгейі төмендеген. Атап айтқанда, ұрлық, тонау, қарақшылық, сондай-ақ отбасылық-тұрмыстық және көшеде жасалған қылмыстар, кәмелетке толмаған және бұрын сотталған азаматтар істеген қылмыстар айтарлықтай азайған.

Мемлекет басшысына құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірыңғай заң

әзірлеу, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде арнайы бөлімше құру үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді. Бұдан бөлек, Президентке ұйымдасқан қылмысқа, есірткі қылмысына, экстремизмге қарсы іс-қимыл жұмыстарының нәтижесі таныстырылды. Министр киберқылмысқа қарсы күрес жүргізетін дербес қызмет құрылатынын жеткізді. Сонымен қатар Ержан Сәденов орта буынға жататын басшылық құрамды кезектен тыс аттестациядан өткізуге дайындық барысы жайында айтты. Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

## АСТАНА ЖАСЫЛ ЖЕЛЕККЕ ОРАНАДЫ

Төлен ТІЛЕУБАЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

### САЯБАҚТАР МЕН ГҮЛ БАҚТАРЫ КЕҢЕЙДІ

Осы жиында қала басшысы жаңа қоғамдық кеңістіктерді, соның ішінде саябақтар мен гүл бақтарын жаңарту бағытындағы жұмыстар туралы егжей-тегжейлі баяндама жасады.

Жеңіс Қасымбек елорданы абаттандыру және көгалдандыру бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын тілге тиек етті.

«Өткен жылы 165 қоғамдық және аулалық кеңістікті абаттандыру жұмыстары аяқталды. Соның ішінде 45 жасыл аймақ, оның ішінде 2 саябақ, 10 гүл бағы және 33 қоғамдық кеңістік құрылды. 1 миллионға жуық жасыл желек отырғызылды» деді әкім.

Ол екі стратегиялық құжаттан құралатын «Елорда аумағын көгалдандыру тұжырымдамасы» әзірленгенін айтты. Екі құжаттың біріншісі – «Қоғамдық кеңістіктерді дамыту және көгалдандыру сызбасы» қоғамдық кеңістіктерді дамытудың және қаланы көгалдандыруды дамытудың тұжырымдамалық аспектілерін жеке-жеке анықтайтын екі томнан тұрады. Екіншісі – «Көгалдан-

дыру жарғысы». Онда салынып жатқан және салынған нысандарды көгалдандыру, егілетін ағаштардың сапасы мен жағдайы, құрылысшылар мен меншік иелеріне арналған абаттандыру ережелері қарастырылған. «Жарғыға сәйкес, тұрғын үй салушылар аулаішілік аумақтар мен көшелерді қызыл сызықтардың периметрі бойынша сапалы абаттандыру жұмыстары жүргізіледі» деді Жеңіс Қасымбек.

Сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді, атап айтқанда, «ЭКСПО» аумағындағы саябақта, Қабанбай батыр даңғылында (Сығанақ көшесінен «Қазанат» ипподромына дейін), сондай-ақ Д.Қонаев және Достық көшелерінде жаңа қоғамдық кеңістіктер салуды бастау жоспарланған.

Сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді, атап айтқанда, «ЭКСПО» аумағындағы саябақта, Қабанбай батыр даңғылында (Сығанақ көшесінен «Қазанат» ипподромына дейін), сондай-ақ Д.Қонаев және Достық көшелерінде жаңа қоғамдық кеңістіктер салуды бастау жоспарланған.

### СУАРУ ЖҮЙЕСІНЕ МҰҚИЯТ ҚАРАЙМЫЗ

Әкім көгалдандыру, жасыл желек отырғызу жұмыстары кезінде суару жүйесін дамытуға ерекше назар аударылатынын жеткізді.

«Быттыр біз 7 саябақ пен гүл бақтарда автоматтандырылған суару жүйесін орнаттық. Биыл



дәл солай барлық үлкен нысандарда автоматтандырылған суару жүйесін салуды қарастырып жатырмыз. Келешекте көгалдандыру бойынша әрбір жаңа жобаны жүзеге асырған кезде немесе қайта жөндеу жұмыстарын өткізген кезде осы жұмысты жалғастырамыз» деді Астана әкімі.

Сондай-ақ әкім қала аумағында сапалы егілген, күтілген және толық сақталатын кем дегенде 500 мың жасыл желек отырғызылатынын мәлімдеді. Жасыл желектерді цифрлық таңбалаумен және құжаттауды енгізу арқылы Астананың бірыңғай жасыл картасы жасалады. Ол картада әрбір егілген ағаштың белгілі бір уақыттағы күтіп-бапталуын бақылайтын цифрлық төлқұжаты болады.

### ЕГІЛГЕН АҒАШҚА КҮТІМ ЖАСАЛМАЙДЫ

Жиында сөз сөйлеген Өнеркәсіп және құрылыс министрінің орынбасары Азамат Бейсебеков Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша дұрыс жүйеленген құрылысты енгізу және тартымды, жайлы қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыру бойынша нұсқаулық болатын «Қалаларды кешенді салу стандарты» әзірленгенін мәлім етті. Ол қалалар аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларында пайдалану үшін барлық жергілікті атқарушы органға жіберілді. Бұл ретте ауытқуларды болдырмау үшін 2024 жылғы қаңтардан бастап бірыңғай қала құрылысы сараптамасы енгізілді. Ол жоспарлау кезеңінде сәулет-құрылыс нормаларының бұзылуын болдырмауға мүмкіндік береді.

Премьер-министр Олжас

Бектенов абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстары қала тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсартумен қатар, туристік саланы дамытуға да ерекше серпін беретінін қадап айтты. Бұл ретте ол азаматтардың әлі де болса тротуарлар мен жарықтың жоғын, жасыл желектің аздығын айтып, жиі шағымданатынына тоқталды.

«Әкімдіктер тарапынан жүйелі жұмыстың болмауы – абаттандыру мен көгалдандырудың негізгі проблемасы. Ағаштар мен өсімдіктер отырғызылады, бірақ кейін ешқандай күтім жасалмайды. Көпшілік жиналатын қоғамдық орындар мен үй маңындағы аумақтардың ұсқыныс жағдайы үлкен проблемаға айналған. Саябақтар мен гүл бақтары көбінесе иесіз қалғандай күй кешеді. Оларды жыл сайын жаңартып отыру, көркейтудің қажеті жоқ. Кейде тіпті саябақтарда нысан салу фактілері де кездеседі» деді Үкімет басшысы.

### ҮЙ ОРНЫНА ГҮЛ БАҒЫ САЛЫНАДЫ

Олжас Бектенов бұқараның осындай күнделікті мәселелерді шешуде үлкен белсенділік танытып отырғанын тілге тиек етті. Мысалы, қоғам белсенділерінің арқасында елордада бірқатар жерде салынуы тиіс нысандардың орнына гүл бақтары мен демалыс орындары пайда болды. Атап айтқанда, Ж.Нәжімеденов көшесінің бойындағы 18 қабатты ғимараттың орнына гүл бағын салу туралы шешім қабылданды. Мыңжылдық аллеясы Астанадағы жаңа тартымды орталыққа айналды.

«Әкімдік елордада демалуға арналған жайлы аймақтар құру, көгалдандырудың кешенді жүйесін іске асыру жөніндегі жұмысты жалғастыруы қажет. Бұл қаланың ірі тұрғын аудандарының «жаңа тынысын» ашуға мүмкіндік береді» деді Премьер-министр.

### ШЕТКІ АЙМАҚТАР ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАСЫН

Олжас Бектеновтің айтуынша, қала аймақтарын дамыту мен онда құрылыс жүргізу Бас жоспар мен егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларына сәйкес қатаң түрде жүзеге асырылуы керек.

«Әкімдіктер қала орталығын ғана абаттандырумен шектелмей, шеткі аймақтарды да назардан тыс қалдырмауға тиіс. Кейбір гүл бақтарға немесе қоғамдық орындарға «қамқорлық жасау» үшін бизнес пен ірі кәсіпорындарды тартуға болады. Шағын бизнес те іргелес жатқан аумақты күтіп-ұстауды жақсы дәстүрге айналдыруы керек» деді ол.

Үкімет басшысы өңірлер әкімдеріне тиісті Жол карталарының толық және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Қалалардың өмір сүруге қолайлы әрі жайлы болуы маңызды. Әкімдіктер Жол карталарымен шектеліп қалмай, туындаған проблемаларды шұғыл шешіп, халықтың пікіріне құлақ асқаны жөн» деді ол.

Сонымен қатар Үкімет басшысы қалалардағы жасыл желектің қысқаруына жол бермеу керектігін, бұл ретте отырғызылатын көшеттердің барынша жерініп кетугін және оларға нақты күтімді қамтамасыз ету қажеттігін талап етті.



## ЕЛ ДАМУЫНДА ӘЙЕЛДІҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ

Президент жанындағы әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі ұлттық комиссияның 25 жылдығына арналған Қазақстан әйелдер форумына елдің әр өңірінен 500-ден аса делегат келді.

**Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ**

Астана қаласы әкімдігі ұйымдастырған форумда әйелдердің қоғамдағы рөлі, өзін-өзі рухани-мәдени жақтан дамыту мен саяси-қоғамдық жұмыстарға белсенді араласуы талқыланды.

Мәдениет және ақпарат министрі, Ұлттық комиссия төрағасы Аида Балаева қатысушыларға Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын оқып берді. Министр елдің әлеуметтік-экономикалық дамуында әйелдердің үлесін бағалап, отбасы құндылығын нығайтудағы рөліне тоқталды.

Елордалық әйелдер басқа өңірлермен салыстырғанда саяси және қоғамдық белсенділігімен ерекшеленеді. Бұл туралы Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен айтып берді.

– Елорданың жетістігі әйелдермен тығыз байланысты. Экономикалық қызметтегі әйелдердің үлесі 51 пайызды құрайды. Оның ішінде 100 мыңнан астам әйел өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істесе, 90



мыңға жуығы бизнес субъектілерін басқарады. 75 мыңнан астам әйел медицина мен білім саласында жұмыс істейді. Астана қаласында мемлекеттік және әлеуметтік қызмет саласында әйелдердің үлесі артып келеді. Мәселен, әлеуметтік қызмет саласындағы басшылық қызметтің 80 пайызын әйелдер атқарады, – деді қала әкімінің орынбасары.

Аманат партиясының хатшысы, ұлттық комиссия мүшесі Шолпан Каринова партия мүшесінің 65 пайызы әйелдер екенін айтты. Парламент Мәжілісіндегі партия фракциясының құрамындағы депутаттың 17,7 пайызын және мәслихаттардағы депутаттың 22,4 пайызын әйелдер құрайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік басқару бойынша басқарушы директоры Гибрат Ауғанов, Қазақстандағы адам құқықтары жөніндегі уәкіл Артур Ластаев, Қазақстандағы БҰҰ тұрақты үйлестірушісі Микаэла Фриберг-Стори, Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар кеңсесі басшысының орынбасары Юрий Фенопегов форумға қатысып, ел дамуындағы әйел рөлін сөз етті.

Форум аясында TEDX форматындағы мотивациялық кездесу өтті. Онда ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен «Қазақ әйелі – ел бірлігінің кепілі» тақырыбында өз ойын ортаға салды. Президенттің ғылым және инновация мәселелері жөніндегі кеңесшісі Күнсулу Закария, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе университетінің ректоры Лаура Қарабасова, «Ырыскелді қажы» мешітінің бас имамы Нұрлан Имам, «ArtLab» шығармашылық ойлауды дамыту мектебінің негізін қалаушысы Марина Деркач өз тәжірибесімен бөлісіп, қатысушылардың сұрағына жауап берді.



## ҰЛТ КӨСЕМІН ҰЛЫҚТАДЫ

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туған күніне орай елордадағы «Алаш қайраткерлері» ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, «Рухқа тағзым» іс-шарасы өтті. Астана қаласы мәслихатының депутаттары, мемлекет және қоғам қайраткерлері, алаштанушы ғалымдар, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ, Аманат партиясының Астана қалалық филиалы, «Ақ жол» демократиялық партиясы, қоғамдық ұйымдар өкілдері, мектеп мұғалімдері, студенттер мен оқушылар, Алаш рухын ардақтаған азаматтар қатысқан іс-шараға Alash.kz ұлттық порталы ұйытқы болды.



**Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ**

– Ұлыларды ұлықтау, оларды ұмытпау – елдіктің белгісі. «Хан баласында қазақтың хақысы бар. Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деген Әлихан Бөкейхан қандай қиыншылықты көрсете де мойымай, алған бетінен қайтпаған. Ел үшін, халық үшін басын бәйгеге тікті. Қазір Әлихан тұлғасына қоғамда бетбұрыс жасалып

жатыр. Астанада мына ескерткіштің қойылуы, Қарағандыда аудан аты және Семейде университетке есімінің берілуі үлкен шаруаның басы деп есептеймін. Бұл шаруалар жалғасады және оның көлемі де кеңейеді, – деді «Ардагерлер ұйымы» РҚБ орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Өмірзақ Озғанбай.

Алаштанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Тұрсын Жұртбай «Алаш» қозғалысының азаттыққа

бастаған жолы туралы әңгімелей келе, ұстанымдарына тоқталды. Соның ішінде олар ұлттық демократиялық мемлекет құруды көксеп, бірінші орынға жер мәселесін қойғанын, жердің үстіндегі, астындағы барлық байлықтың қазаққа қызмет етуін ойластырғанын, жалпы Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстарының мақсаты Жапония үлгісіндегі ұлттық демократиялық мемлекетті экономикалық тәуелсіздікке жеткізу болғанын атап өтті.

Мемлекет және қоғам қайраткері Әлихан Байменов Алаш қайраткерлері аз өмір сүрсе де, өмірдегі миссиясын атқарып кеткенін айтты. Сол кезеңді, яғни XX ғасырдың басындағы саяси ахуал туралы әңгімелеп, кешегі Алаш арманы тәуелсіз Қазақстанда орындалғанын атап өтті. Қазіргі өскелең ұрпақтың елді өркендету үшін қандай болуы керектігіне тоқталды.

«Рухқа тағзым» іс-шарасы Ә.Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейде жалғасты. Онда ұлт көсемі атындағы музей таныстырылып, шағын концерт бағдарламасы ұсынылды. Алаштанушы ғалымдармен, Алаш мұрасын насихаттап жүрген қаламгерлермен сұхбат-кездесу ұйымдастырылды. Әлихантанушы, өлкетанушы Тұңғышбай Мұқан мен Медеу Әбузардың «Әлихан Бөкейхан – ұлт-азаттық күрескері» атты танымдық, деректі фильм көрсетілді.

### ҚҰРМЕТТІ АРУЛАР, АЯУЛЫ АНАЛАР МЕН АРДАҚТЫ ӘЖЕЛЕР!

Сіздерді шұғылалы көктемнің шуақ шашар мерекесі – 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Әйелдер қауымы – әрдайым отбасының ұйытқысы, береке-бірліктің шырақшысы. Сіздер әлемге жылулық пен жарасым сыйлап, жақын жандарыңызды махаббатқа бөлейсіздер. Әр адамның өміріндегі қуанышты әрі жарқын сәттердің көп болуына сіздер мол үлес қосып келесіздер.

Әйелдер қауымы елордамыздың дамуына зор үлес қосуда. Бүгін біздің қалада болып жатқан барлық оң өзгерістер сіздердің қатысуыңызбен ғана мүмкін болды. Сіздердің арқаларыңызда ер адамдар күшейе түседі, табысты болады, өмірде және жұмыста жаңа белестерге ұмтылады.

Осынау ерекше сәтті пайдалана отырып, сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін! Көңілдеріңіз шаттық пен көркемдікке, өмірлеріңіз сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы болсын!

**Құрметпен,**

Астана қаласы мәслихатының төрағасы **Е.КАНАЛИМОВ**

### ҚҰРМЕТТІ АНАЛАР МЕН АЯУЛЫ АРУЛАР!

Елорда ардагерлері атынан сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ізгі ниет пен сұлулыққа, сырбаз сезім мен сыйластыққа толы мереке жан дүниені жадыратып, жүрекке шуақ береді. Елордамыздың бүгінге дейін жеткен жетістіктері мен табыстары нәзік жанды аруларымызбен тікелей байланысты. Қаламыздың даму жолында әрқайсысының сіңірген еңбегі зор. Олардың қатарында педагогтар, медициналық және әлеуметтік сала қызметкерлері, еңбек ардагерлері, білім жолында, спортта және басқа да салаларда жетістікке жеткен аналар, қыз-келіншектер өте көп.

Көңілдеріңіз көктемдей жайдары, қолға алған ісіңіз әрдайым табысты болсын. Мереке тек жақсылығы мен қуанышын ала келіп, гүлдей құлпырып жүре беріңіздер!

Құрметті аналар мен апалар, қыз-келіншектер! Сіздерге зор денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық, қызметтеріңізге береке, табыс тілейміз!

Астана қаласының  
Ардагерлер кеңесі



## МАЙДАНГЕР МЕРЕЙІ

Астана қаласы әкімдігінің «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы мекемесінде Ұлы Отан соғысына қатысушы Раиса Софоничеваға құрмет көрсетілді.

**Ғалым  
ҚОЖАБЕКОВ**

Биыл 99 жасқа келетін Раиса Егоровна Ұлы Отан соғысы кезінде бірінші Украин майданында байланысшы болды. Соғыста көрсеткен ерлігі үшін әскери және мемлекеттік наградалармен марапатталған. 1957 жылы тың игерушілер қатарында Целиноград қаласына келген, содан бері осы қаланың тұрғыны.

«Соғыстың майдангері, еңбектің ардагері деп арнайы құттықтап келіп жатқандарыңа рақмет! Әрдайым елімізде амандық, жақсылық болуына тілекшімін!» дейді Раиса Егоровна жүзінен қуаныш лебі сезіліп.

8 наурыз мерекесіне арналған құттықтау іс-шарасына Қорғаныс министрлігі, Астана қаласы Жастар саясаты мәселелері басқармасы өкілдері және «Жас сарбаз» жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысының мүшелері қатысып, Отан үшін от



кешкен майдангерге гүл шоқтарын сыйлап, сый-сияпат ұсынды. Мереке-лік іс-шарада өнер көрсеткен Ұлттық әскери-патриоттық орталығының оркестрі мен әншілері әскери әндер шырқап, ардагердің көңілін көтерді.

## БАҒДАРЛАМА НӘТИЖЕСІ ЖАРИЯЛАНДЫ

Бас қалада сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй иелерінің тізімі шықты.

Елордалық Тұрғын үй инспекциясы басқармасының zhilfond.kz сайтында көпбалалы отбасылар, жетім балалар, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар және халықтың әлеуметтік осал топтары санаттары үшін «Сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасының нәтижесі жарияланды.

Үш санаттың әрқайсысындағы тізімдер: «өткен» және «өтпеген» деп екіге бөлінеді. Халықтың әлеуметтік осал топтарының санаттары үшін қалған 76 бір бөлмелі пәтер

бойынша іріктеу жалғасып жатыр.

Бағдарлама бойынша өткен азаматтарға Тұрғын үй орталығының қызметкерлері хабарласып, одан әрі қарайғы іс-қимылды түсіндіреді.

Тұрғын үй орталығының қызметкерлері телефон қоңырауларын шала отырып, ешқашан кредиттерді, қарыздарды өтеуді, тұрғын үй беру үшін қамауға алуды алып тастауды сұрамайды. Сондықтан әкімдік қызметкерлері алаяқтық жағдайларының көбеюіне байланысты тұрғындарға өте қырағы болуды ескертеді.

## ӘЙЕЛ – ӘЛЕМ ШУАҒЫ

Елдің және елорданың саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, рухани-мәдени дамуында әйелдердің үлесі қомақты. Осы орайда Астана қаласының жетістігі әйелдермен тығыз байланысты екенін мақтанышпен айтқым келеді.

Елордада 1,4 миллионнан аса адам тұрса, соның 750 мыңнан астамы – әйел. 30 мыңға жуық көпбалалы отбасының 6,5 мыңы – «Алтын алқа» және «Күміс алқа» иесі. Басқа өңірлермен салыстырғанда елордада саяси және қоғамдық өмірге белсенді араласатын әйелдің қатары басым. Мәселен, қалада экономикалық белсенді әйелдердің үлесі 51 пайызды құрайды. Бұл – 353 мыңнан астам адам. Оның ішінде өнеркәсіп кәсіпорындарда жұмыс істейтін әйелдердің саны 100 мыңнан асады. Шағын және орта бизнес субъектілерін 90 мыңға жуық нәзік жанды басқарады. 75 мыңнан аса әйел медицина мен білім беру саласында еңбек етеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастама-сымен әйелдерді саяси-қоғамдық жұмысқа тартуға ерекше көңіл бөлінуде. Бүгінде қаладағы әйелдердің 50 пайызға жуығы мемлекеттік қызметте жұмыс істейді. Қалалық мәслихаттағы әйелдердің үлесі 24 пайызды, қоғамдық кеңесте 20 пайызды құрайды. Қоғамдық ұйымдардағы басшылық қызметтің 80 пайызын әйелдер атқарады.

Аманат партиясының қалалық филиалы жанынан әйелдер қанаты құрылып, ол көшбасшы әйелдердің жаңа буынын тәрбиелеуге бағытталды. Іскер әйелдер қауымдастығымен бірлескен



«Мейірімділік керуені» жобасы іске асуда. Мақсат – азаматтық бастамаларды қолдау, адамгершілік құндылықтарды нығайту.

Әлеуметтік саясат моделі отбасының әл-ауқатын жақсартып, қоғам мүшелерінің тұрмыс деңгейін көтеріп, ұлттық құндылықтарды дәріптеп, оны жастардың бойына сіңіріп, ұрпақтар сабақтастығын сақтаудан көрінеді. Әрине, елордада әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия осы бағытта тиімді жұмыс істеуді жолға қойды. Комиссия құрамына әр салада жұмыс істейтін азаматтардың

енуі әйел құқығы мен мүмкіндігін қорғау, отбасы-демография саясатын нығайтуға ықпал етеді. Мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтаса жұмыс істеп, тың ұсыныстар дайындап, отбасы мүддесін қорғауды басшылыққа алдық.

Үш жұмыс тобын (көшбасшы және өмірлік қиын жағдайдағы әйелдер, сондай-ақ, отбасы құндылықтары) құрып, осы бағытта жұмыс істейміз.

2023 жылы комиссия 50-ге жуық іс-шараны жүзеге асырды. 100-ден астам көпбалалы отбасы

мен қиын жағдайға тап болған әйелдерге қолдау көрсетілді.

«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасының алаңында Әйелдер кәсіпкерлігін дамыту орталығы жұмыс істейді. Онда 800-ден астам қызмет көрсетілді, оның ішінде «әлеуметтік желілердегі маркетинг», «электрондық коммерция», «бухгалтерлік есеп», «веб дизайнды» ерекше атауға болады.

Елордада әйелдерді жұмыспен қамту және кәсіпкерлікке тарту жұмысы жалғасуда. Жұмыспен қамту шаралары 16 мыңға жуық әйелді қамтыды, жаңа бизнес-идеяларды жүзеге асыруға 85 грант және жастарға 274 шағын несие берілді.

Әйелдер істері жөніндегі комиссияның жүйелі жұмысы әйелдерге психикалық қысымға қарсы бағытта көрінеді. Мемлекеттік органдармен бірлесіп қабылдаған шаралар арқасында елордада тұрмыстағы зорлық-зомбылық фактілерінің азайғаны байқалады. Нәтижесінде отбасы-тұрмыста құқық бұзушылық 30 пайызға төмендеді. Қалалық полиция тұрмыстағы құқық бұзушылықты тіркеудің декларативті сипатынан анықтау сипатына көшті. Бұл жәбірленушілердің арзынсыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға мүмкіндік береді.

**Қарлығаш СӘРКЕНОВА,**  
Астана қаласы әкімдігінің бас инспекторы,  
әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия хатшысы



## МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ ИЕСІ

Ұлт саулығы жолында аянбай еңбек етіп, айналасындағылардың алғысын арқалап жүрген ақ халатты абзал жандар арамызда аз емес. Солардың бірі – денсаулық сақтау саласында 30 жылдан астам уақыт қызмет атқарып, адал еңбегімен абырой биігінен көрінген астаналық дәрігер, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, №7 қалалық емхана директоры Айгүл ҚУАНЫШЕВА.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

## ҮМІТ ПЕН ДЕМЕУ ОРТАЛЫҒЫ

Ерекше қажеттіліктері бар балалар қоғамның қолдауын қажет етеді. Өздерін қоршаған ортаның кішкентай бір бөлшегі ретінде сезіну олар үшін аса маңызды. Көптеген орталық пен ұйымның осы мәселеге жіті көңіл бөліп, әлеуметтік сұрақпен айналысуы «ерекше» балалар мен ата-аналарға үміт сыйлайды. Осындай орталықтың бірін астаналық кәсіпкер Ботагөз СҰЛТАНОВА ашты, бүгінде «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры 2000-нан аса баланың оңалуына септесіп келеді.

**Индирә БЕРЖАНОВА**

2019 жылы ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған жүздеген ата-анадан тұратын бастамашыл топ құрылды. Тұрғын үй, жәрдемақы секілді бірқатар мәселені көтерген олар әлеуметтік осал топтан шыққан қазақстандықтарға көмектесуді қолға алды. Әлеумет мүддесі үшін күрескендердің қатарында Ботагөз Сұлтанова болып, кейін өзі де жеке қор ашуды ұйғарады. Түрлі диагнозы бар балаларға қол ұшын созып келе жатқан «Бақытты шаңырақ» қоғамдық қоры осылайша 2020 жылы ашылды. Елордада 4 жыл қатарынан жұмыс істеп келе жатқан орталық ересектер мен балаларға оңалту қызметін ұсынып, ерекше тағдыры бар 720 отбасының басын қосып отыр. Оларға азық-түлік себеті, білім беру құралдары, кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту секілді түрлі материалдық, әлеуметтік, білім беру және психологиялық көмек көрсетіледі.

«Орталықты ашудағы басты мақсатым – астаналық отбасыларға демеу болып, әр бала бақытқа лайық екенін сездіру» деген кейіпкеріміз Ботагөз Сұлтанова – өзі де Әділ есімді «ерекше» бала тәрбиелеп отырған қайсар ана. 2,5 жасында онкологияға шалдыққан ұлының ем-дом шараларымен талай жерде жүріп, талай қиындықпен кезіксе де, тағдыр тәлкегіне еш



мойымады. Жүзу, шет тілін үйрену, бағдарламалау сабақтары мен тарих пәнін сүйіп оқытын Әділ үшін анасының қамқорлығы мен мейірімі – ең маңыздысы. Сөзінше, анасымен бірге театр-терте жүгіру күнді сәтті бастауға ерекше сезім сыйлайды.

«Ерекше бала тәрбиелеп отырған әрбір ата-ананың асыл арманы – ұрпағын қайткен күнде де оңалту, оны аяққа тұрғызып, өмірге бейімдеу. Елордадағы «Бақытты шаңырақтың» әр орталығына келетін ата-ананың тілегі де сол. Орталықта

БЦП, аутизм, Даун синдромы және жүрек талмасы секілді диагнозы бар балалар үшін педагогикалық түзету қарастырылған. Логопед, дефектолог, психолог мамандардың оқыту сабақтары мен психологиялық қолдауы ұсынылады. Балаларды оңалтып қана қоймай, ата-аналарды да әлеумет өміріне етене араласуға шақырамыз. Шыны керек, мұндай отбасылармен жұмыс істеу қиын. Үміті үзіліп, жетеріне жете алмай, тауы шағылып, жігері үгіліп жататындар бар. Материалдық жағдайы төмен отбасыларды қолдауда ата-аналарға жұмысқа тұру мүмкіндігі беріледі. Одан бөлек, қордың басты міндеті – заңнамалық деңгейде мүмкіндігі шектеулі балалар мен ата-анасының құқығын айқындау. Тұрғын үймен қамтамасыз етіп, берілетін жәрдемақы мөлшерін ұлғайту үшін мемлекеттік органдармен үнемі байланыста болып, өз мүддемізді қорғаудан шаршаған емеспіз. Сондай-ақ қоғамда балаларды денсаулығына қарай бөліп қарау бар. Меніңше, әр адам бірдей мүмкіндік пен құқыққа ие. Бұл мәселені шешуде біз ата-аналармен ұйыса отырып, тең құқық үшін күресіп келеміз» деп бөлісті Б. Сұлтанова.

Кейіпкеріміздің бастамасы арқасында қазірде Астанада «Бақытты отбасы» бағдарламасымен мыңдаған отбасының тұрғын үй алуға байланысты өтініші мақұлданды. Бұл – «Бақытты шаңырақтың» бір ғана жемісі. Орталықта көп ата-ананың алғысын алып, отбасылардың бір-бірімен аралас-құраласып, 800-дей «ерекше» баланы қамтып, жүздеген баланың құрдастар қатарына қосылуына себепкер болған Ботагөз Сұлтанова үшін баласы бар үй – бақытты шаңырақ.

Қарағанды қаласының мемлекеттік медицина институтын бітіргеннен кейін екі жылдай сол жерде дәрігер болып еңбек етіп, 1990 жылы Ақмола қаласындағы №6 қалалық емханаға дәрігер-терапевт болып жұмысқа орналасқан Айгүл Шалабайқызының барлық еңбек жолы осы қаламен тығыз байланысты. Біраз тәжірибе жинақтағаннан кейін терапия бөлімшесінің меңгерушісі, одан соң сол емхана бас дәрігерінің емдеу-профилактика жұмысын бойынша орынбасары қызметін атқарады.

2007 жылы қалада №7 емхананың екі ғимараты пайдалануға беріліп, емдеу мекемесін басқару А.Қуанышеваға сеніп тапсырылды. Содан бері ол алдымен өз қызметкерлерінің коммуникативті білімін жетілдіру аурулар саны анағұрлым азаяр еді. Ал қатерлі ісікті ерте сатысында анықтаған жағдайда сырқаттан құлан-таза айығып кетуге әрбір науқастың толық мүмкіндігі бар, ол үшін аймақтық дәрігерге жыл сайын қаралып, скринингтік тексерулерден өтуді әдетке айналдыру қажет. Сондықтан әрбір тұрғын ауруды асқындырмай, ерте анықтауға атсалысуы керек, – деді Айгүл Қуанышева.

Бүгінде ол – жоғары санатты дәрігер-ұйымдастырушы, жоғары санатты дәрігер-терапевт қана емес, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау ісінің үздігі, «Шапағат» медалінің, Астана қаласының 10 және 20 жылдығына арналған мерейтойлық медальдардың иегері. ҚР Президенті мен Астана қаласы әкімінің алғыс хатымен бірнеше мәрте марапатталған. директор.

# ЕЛДІК САНА – ЕЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ ІРГЕТАСЫ

Астана бір күнде салынған жоқ. Сонау 1997 жылы ел астанасын Алматыдан Арқаға көшіру жайлы шешім қабылданып, көш Есіл жағасына бұрылған кезде, бұл өлкеде бүгінгідей жайнаған алып қала да, қаптаған қазақ та жоқ еді. Қазақ тілінде білім беретін оқу орындары да жоқтың қасы болатын. Бірақ елорда Есіл жағасына ірге тіреген соң көп нәрсе біртіндеп өзгерді. Сол өзгерістердің куәгері – Жамал Қасымбек. Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, біз «Құрмет» орденінің иегері, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Жамал БАЗАРҚҰЛҚЫЗЫН сұхбатқа шақырып, өткен күндерден естелік айтқызыдық. Білім саласында қалыптасқан мәселелерді де тілге тиек еттік.

– Жамал Базарқұлқызы, астана көшіп келгеннен кейін бас қаладағы ең алғашқы қазақ мектебі қалай ашылды? Сол күндер есіңізде ме?

– Ол күндер қалай ұмыт болсын?! №38 мектеп-лицейінің де, Астананың әрбір ғимаратының қалай қаланып, елорда іргесінің қалай кеңейгені көз алдымыздан кетпейді, көңілден өшпейді. Өйткені бұл Қазақ елінің жаңа астанасы ғой, біз сол тарихи дәуірдің куәгері болдық.

Астана қаласымен бірге бой көтерген №38 мектеп-лицейі 1999 жылы 1 қыркүйекте елордадағы тұңғыш қазақ мектеп-лицейі болып ашылды. Бірақ оның да өзіндік тарихы бар. Тұңғыш Президенттің Жарлығымен астана Алматыдан Арқаға көшкенде, қызмет жағдайына байланысты біз де отбасымызбен 1997 жылы осы қалаға көшіп келдік. Алғашында қаладағы №27 мектепте директордың орынбасары болып қызмет істедім. Аз уақыттан кейін Астанаға көшіп келген шенді-шекпенділердің, қызметкерлердің баласы оқитын мектеп салу керек деген тапсырма берілді. Сонымен әл-Фараби шағын ауданынан мектеп салына бастады. Бұл аумақ ел кезде бүкіл құзырлы мекемелердің шоғырланған жері еді. Мектептің құрылысы басталған кезде мені әлі салынып болмаған мектепке директор ретінде жұмысқа алды. Шын мәнінде, мен құрылыс жұмысын бақылауға жауапты адам едім. Сөйтіп, №27 мектептегі жұмысымыз істей жүріп, басыма каска киіп, қасыма құрылыс жұмысын жақсы білетін бір азаматты ертіп алып құрылыс басында жүрдім. Мектеп 10 айда салынып бітті, өте сапалы салынды, құрылыс жобасы да өзгеше болатын. 1999 жылы 1 қыркүйек күні елорда Арқаға көшіп келгеннен кейін салынған алғашқы мектепті Тұңғыш Президент өзі келіп ашты.

– «Неге орысша мектеп болмайды?» дегендер шыққан жоқ па?

– Қайдан болмасын, шықты ғой. Ол мәселе де күреспен шешілді. Мектептің құрылыс жұмысы соңына жетіп қалған кезде дау туды. Алматыдан келген шенеуніктер «бұл орыс мектебі болсын немесе аралас мектеп болсын» деген талап қойып, «біздің балаларымыз Алматыдан орысша оқып келген» деген мәселені көлденең тартты. Ал біз «бұл білім ошағын таза қазақ мектебі етіп жасаймыз» деген ойда болдық. Себебі ол кезде Астанада №4 мектеп қана жалғыз қазақ білім ордасы еді. Оның өзі иесіз, басшысыз, директорсыз тұрды. Сөйтіп әңгіме басқа жақтан емес, өзіміздің ат үстіндегі азаматтардан шықты. Сонымен мен Серік Тұрғынбеков, Әбіш Кекілбаев және басқа да көзі қарақты ағаларға хабарласып, «Астана көшіп келгелі алғаш салынған мектепті қазақша ашпасақ, ырымы да жаман



ғой» деп өз өтінішімді айттым. Ол кісілер де ара түсті. Содан «қазақ мектеп болғаннан оған бала жиналмайды, 1200 орынды қалай толтырады?» деген сөз шықты. Несін айтасын, әлі пайдалануға берілмеген мектептің ауласында күнде жиын, күнде той, дауластық та жүрдік. Ал мен «бұл қалай да қазақ мектебі болуы керек» деген мақсатпен үй-үйді аралап, есігін қағып, керек десеңіз, қасыма баламды ертіп алып, Астана маңындағы елді мекендерге дейін барып, «осындай қазақ мектебі ашылды, балаларыңызды сол мектепте оқытыңыздар» деген хабарландыру қағазын да тараттым. «Астана ақшамы» газетіне де барып, «қазақ мектебі ашылды» деп хабарландыру берейін десе, сол кездегі бас редакторы «хабарлама беру үшін 17 мың теңге төлейсіз» деді. Ол менің сол кездегі бір айлық жалақыым еді. Оған шамам келмеді. Сонымен, мектептің құрылыс жұмысын атқарған қазақтарға «балаларыңды осы мектепте оқытыңдар» деген өтініш айтып жүріп, оларға «баламды осы мектепке қабылдаса» деген өтініш жаздырып алып, қаланың сол кездегі әкімі Әділбек Жақсыбековке бардым. «Міне, аз ғана уақыттың ішінде қазақ тілінде оқитын 1200 бала жиналды» деп ата-аналардың өтінішін көрсеттім. Сөйтіп жаңа мектеп қазақ тілінде білім беретін №38 мектеп-лицейі болып ашылды. Мектеп басталған күні 1290 бала жиналғаны әлі күнге дейін есімде. Сол ісім үшін, соған кеткен уақытыма еш өкінбеймін, керісінше, қуанамын. Ұлтым үшін, тіліміз үшін бұл менің өтеуіме тиісті борышым ғой.

– Интернеттен қарап көрсем, мектеп ашыла сала біраз марапатқа да ие болыпты.

– Иә, біраз марапат алдық. Оны да бізге жайдан-жай бере салған жоқ. Бір ауыз сөзбен айтқанда, бұл білім ордасы сол кездегі еліміздің оқу-оқыту ісінің маңызды тәжірибе алаңына айналды. Көптеген жаңа оқулық, оқыту әдісі біздің

мектепте сынақтан өтті. Біз де өршіл рухпен іске кірістік. Мектеп ашылғанына 60 күн толмай жатып Алматыдан және басқа өңірлерден сыйлы қонақтарды шақырдық. Айтулы адамдардың ықыласын алдық. Жыл соңына дейін, яғни 3 айға жетпейтін уақытта министрлерді шақырып, математикадан республикалық семинар өткіздік. Мектебіміздің мұғалімдер қосыны да өте мықты болды. Оларға қатаң талап қойылды. Жұмыс талабына шыдай алмай, 50 шақты мұғалім бір уақытта жұмыстан кетіп қалған кезі де болды. Маман толықтанғанша Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен көмек сұраған кезіміз де болды. Бірақ маңдай теріміз өтеусіз кеткен жоқ, көп сүбелі сыйлық алдық. Айталық, 2001-2002 оқу жылында республика бойынша «Таңдаулы мектеп» атанса, одан кейін үш оқу жылында қатарынан «Үздік мектеп-2007, 2008, 2009» болып бағаланып, қала әкімінің грантына ие болды. 2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша Астана қаласы мектептерінің арасынан «Көшбасшы мектеп» атағын иеленді. Жетістіктеріміздің ішіндегі ең сүбелісі – 2013 жылы аз ғана уақыттың ішінде қаланың ең ірі компаниясы «Лондон-2013» конвенциясында алтын категория жүлдесінің алтын тәжін иеленгеніміз деп айтар едім.

– IQC жүлдесі, яғни International Quality Crown жүлдесі №38 мектеп-лицейіне қалай берілді? Шалғайдағы қазақ мектебін олар қандай негізде бағалады дегенім ғой.

– Біздің мектепте «Әлемді шарлаған шәкірттер» деген карта жасалды. Сол картада еліміздің «Болашақ» бағдарламасы бойынша әлемнің түкпір-түкпірінде оқып жатқан түлектерімізді көрсеттік. Мақтағаным емес, сол картамын беті толған біздің түлектер еді. Өйткені «Болашаққа» біздің түлектердің түсу салыстырмасы өте жоғары болды. Сол кезеңде Испанияда әлемдегі көшбасшы

оқу орындарын бағалайтын тәуелсіз сарапшылар орталығы бар екен. Біздің «Болашақ» бағдарламасымен оқуға барған түлектеріміз сол орталық сарапшыларының назарын аударып, олар бізді сырттай 7 жыл бақылаған. Кейін мектебімізге арнаулы делегация да келіп кетті. Қысқартып айтқанда, сол ұйым бағалауының нәтижесінде біз халықаралық деңгейдегі жүлдені алдық.

– №82 «Дарын» мамандандырылған лицейі қалай құрылды?

– 2017 жылы Астанада ЕХРО көрмесі өтті. Сол кезде көрме өтетін аумақтан жаңа мектеп салу қажет болды. 2016 жылы қала әкімі маған бір жыл ішінде №38 мектеп сияқты мектеп жасақтап шықсын деген талап қойып, қазіргі №82 «Дарын» мамандандырылған лицейіне директор болып келдім. Тағы да салынбаған мектепке директор болдым. Ол зейнетке шығуға 2 жылым қалған кез еді. Келгім келмей жалтақтап едім, еркіме қоймады. Тағы да екі мектепке директор болып біраз уақыт жұмыс істедім. Кейін №38 мектеп-лицейіне жаңа директор тағайындалды. Жанталасып жүріп ЕХРО өткенге дейін жаңа мектепті де пайдалануға бердік. Оны «Дарын» мектебі етіп аштық. Қазір бұл да елордадағы іргелі білім ордасына айналды. Қазір зейнеткермін, қаланың сол кездегі әкімі Алтай Көлгінов «зейнетке шықсаңыз да, осы мектепке кеңесші болып жүріңіз» деп өтініш айтқаннан кейін әлі осы мектептің бір шегінде жүрмін.

– Ол кездегі мектеп оқулықтарының сапасы қандай еді? Оқулықтардағы олқылықтарды қалай түзетуге болады?

– Ол кезде де оқулықтағы олқылықтар көп болды. Ол кемшіліктер үлкен жиындарда да айтылған. Біздің мектепте сынақ ретінде оқытылғанда біз де көрсеттік кемшіліктерін. Бірақ бәрі біздің айтқанмыздай бола бермейді ғой, соның көбі түзетілген жоқ. Мен сол кезде айтқан едім оқулық құрастыратын ұжымның құрамында тәжірибелі мектеп мұғалімдері болсын, олар оқушыға қалай үйретудің жолын, ебін біледі. Оқулықты тек қана ғылыми қызметкер жазса, оның кемшілігі көп болады деген ұсынысымды айтқанмын. Мен әлі де сол пікірдемін. Оқулық сапасы оңалмай, сапалы білім бере алмаймыз. Қазіргі оқулықтардың сапасыздығынан біз де немерелерімізбен бірге оқуға мәжбүрміз. Білім саласын бизнестің көзіне айналдыру жақсылыққа апармайды.

Оқу-ағарту ісінде біз елдік сананы негізге алуымыз керек. Елдік сана алға озғанда біздің қоғамда аралас мектептер ашылысын деген талап қоятын, баласын басқа ұлт тіліндегі мектептерге сүйрейтін ата-аналар да азаяр еді. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынов «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады» деп текке айтқан жоқ. Билікке жүрген әрбір азамат ана тілімізге құрметпен қараса, мемлекеттік тілдің көсегесі көгереді. Мен директор болған кезеңдерде ешқашан орысша хат жаздырған емеспін. «Неге орысша жібермейсіз?» дегендерге «өздерің аудартып алыңдар» деп қысқа қайырып келдім. Ол менің мемлекеттік тілге деген құрметім деп білемін.

Сұхбаттасқан  
Қаликабар ҮСЕМХАНҰЛЫ



## ӘКЕ ЖОЛЫМЕН

Қоғамда кейінгі кезде полиция қыздарға деген құрмет арта түсті. Оның себебі де бар. Біріншіден, айрықша төзім мен күш-жігерді қажет ететін, ер-азаматтарға тән бұл мамандықты таңдау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Екіншіден, бұған тек өзіне-өзі сенген әрі осы салаға бүкіл өмірін арнаған жандар ғана келетіндіктен болса керек. Астана қаласы Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының инспекторы, полиция майоры Наïра ЕЛЕМЕСОВА – осындай жан.

Танатар  
ТӨЛЕУФАЛИЕВ

Оның әкесі Елемес Нұрахметов те өмір бойы ішкі істер саласында қызмет істеп, зейнет демалысына шыққан ардагер полицей. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» дегендей, шаңырақта жинақылық пен тәртіпке, шексіз мейірімге қанығып өскен оның арманына қанат сермеп, мамандық таңдауға келгенде ойланбастан әке жолын жалғастырғысы келгені сондықтан.

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданының Бозанбай ауылында дүниеге келген Наïра Елемесқызы Қасым Қайсенов атындағы орта мектепті ойдағыдай аяқтағаннан кейін, Семей қаласындағы заң колледжіне оқуға түсті. Отбасындағы көзінің қарашығындай жалғыз қызы осындай адамдармен етене араласып жұмыс істеуді талап ететін жауапты да құрметті мамандықты таңдап тұрса, ата-анасы оған қалай қарсы тұрсын?! Екеуі де қызына ақ батасын береді.

Ішкі істер министрлігінің заң колледжін тәмамдағаннан кейін Наïра білімін Шығыс Қазақстан аймақтық университетінде жалғастырып, жоғары білімді «заңгер» мамандығын алып шықты.

Бойына білім нәрің сіңіріп, өмірге алғаш қадам басқан қаршадай қыз еңбек жолын 2009 жылдың шілде айында Ұлан ауданы Ішкі істер басқармасында кәсіпкерлік инспекторы болып бастады. Содан бері құқық қорғау органының ыстығы мен суығына төзіп, антына адал болып еңбек етіп келеді. Ол өзінің ашық та жайдары, көпшілікпен тез тіл табысатын мінезімен әріптестерінің құрметіне бөленіп жүр. – Астана қаласындағы қызметіме 2022 жылы келдім. Біздің ұжымда ынтымағы жарасқан тату қызметкерлер жұмыс істейді. Жұмысымыз өзіме ұнайды. Өзіңе жүктелген міндеттерді неғұрлым тиянақты атқарсаң, адамдардың да саған деген сенімі соғұрлым арта түсетініне көзім жетті. Қазір атқарып жүрген шаруамыз қарапайым адамдармен тікелей байланысты болғандықтан, олардың сенімін ақтау – басты парызым, – дейді Наïра Елемесқызы.

Ол бос уақытын көбіне желкілдеп өсіп келе жатқан бұлдіршін қызының тәрбиесіне арнағанды қалайды екен.

«Қызым Мұнар қаладағы №32 мектептің 5-сыныбында оқиды. Оқу үлгерімі жақсы. Қызымның болашағынан үлкен үміт күтемін. Екеуіміз көбіне табиғат аясына шығып серуендегенді, кітап оқығанды, дәмді тағамдар дайындағанды ұнатамыз. Ең сүйікті тағамымыз – манты мен ет қосылған бәліш» деп ағынан жарылды полиция майоры.

Күнделікті қызметінде таң атқаннан түн жарымға дейін болатын нәзік жанды Наïра полиция қызметін таңдағанына еш өкінбейді. Өүлетінде әкесінен жалғасқан мамандықтың жауапкершілігін жақсы сезініп, оны адал атқаруға бел буған.

Міне, тағы да нұрын шашып таң атты. Алда жаңа күн, жаңа тапсырма. Уақытпен санаспай, елге қызмет етуге асығып бара жатқан погон таққан ару биік белесінің алда екенін жақсы сезеді.

## ТЕМІР ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕГЕН

Астанада қоғамдық көлік тізгіндеген арулар саусақпен санарлықтай ғана. Солардың бірі – тағдырдың қатал сынағына мойымай, өмірдің қиындықтарына қайсарлықпен төтеп беріп, 25 жылдан бері жолаушылар тасымалы саласында жемісті еңбек етіп келе жатқан елордалық Сәкен Пішенбайқызы.

**Гүлбаршын  
ӨКЕШҚЫЗЫ**

Оның балалық бал күндері Ақмола облысының Қорғалжын ауданына қарасты Аманкелді кеншары мен Жұмай бөлімшесінде өтеді. Бастауышты бітіргеннен кейін аудан орталығында оқып, 7-сыныпты бітірген жылы отбасы жағдайымен қалаға көшеді. Мұнда келген соң

Сол тұста қалада жұмыс істеп тұрған бірден-бір мекеме троллейбус паркі еді. Қаршадай қыз құжатын алып сонда келеді. Мұнда алдымен кондуктор болып жұмысқа орналасқан ол көп ұзамай троллейбус жүргізуді үйреніп алады. Бұл кезде қалада троллейбус жүргізушілері жетіспейтін. Сонда жүріп топпен бірге білімін жетілдіріп, өзі ақшасы көбірек қраншының оқуына барғысы кел-

көлік құралы автобуска қарағанда қиындау. Автобуста бір-ақ жол болса, троллейбуста алдыңнан көз алмай отырып, төбеде де жолдың барын естен шығармау керек. Аспалы екі сым шығып кеткен жағдайда, жіптен тартып орнына келтіретінбіз. Жол қозғалысы кезінде бұрылу да оңай емес. Әсіресе тайғақ кездерде абайламаса болмайды. Бірде жұмыс уақыты аяқталған соң автобусты троллейбуспен шатастырып, дизель отынын құюды ұмытып, рейске шығып кеткенім бар. Жаратылысы нәзік жандар үшін қоғамдық көлік айдаудың қиындығы мен қызығы осылайша қатар жүреді. Автобусым бұзылып қалғанда әріптестерім көмекке келетін, кейде солармен бірге май-май болып жүретін кездер есіме түседі. Қазір бәрі артта қалды, – деді жүргізуші.

Айтуынша, таңғы 5-тен жұмысқа шығады. Кейде рульде әйел адамның отырғанын көре тұра жол бермейтіндер кездесіп қалады. Ондайда мінез көрсетіп қоятынын жасырмады.

– Мен айдайтын автобуска үлкен кісілер жиі мінеді. Көліктен түсіп бара жатып «өте жеңіл әрі байыппен жүргізеді екенсіз» деп шынайы ризашылығын білдіріп жатады. Ондай сөздерді естігенде шаттанамын. Кейде кеудемді ерекше сезім кернейді. Жалпы мен өз кәсібімді өте жақсы көремін. Сондықтан болар қиындықты сезбейтінім. Үйреншікті жұмысым болған соң, барынша ұқыпты істеуге тырысамын. Жақсы жүргізуші көліктің алдындағыны ғана емес, артындағыны және жан-жағындағының бәрін бірдей көріп отыруы керек деп ойлаймын. Мақтанғаным емес, өз басым жүріп келе жатқан көлікке қарап жүргізушінің мінезін жазбай танимын, – деді Сәкен Лейб.

Бүгінде ол – үш жиен немеренің сүйікті әжесі. Қызынан өрбіген құлыншақтардың болашағы жарқын, жақсы азамат болғанын көргісі келеді. Парижге бір барсам деп армандайды. Ең бастысы, Астана үлгілі қалаға айналып, ондағы қоғамдық көліктің сағат секілді тоқтаусыз жүргенін, жүргізушілердің тәртіпті, жолаушылардың мейірімді болғанын қалайды. Жақсы тілектер қабыл болса екен дейміз.



№4 жалғыз қазақ мектебінде білімін жалғастырады. Орта мектепті ойдағыдай тәмамдағанмен, қаршадай қыз-құрбыларына ұқсап жоғары оқу орнына түсуге асықпады. Бірге туған бауырлары болмағандықтан, егде тартқан анасының денсаулығына алаңдап, сол кездегі тоқыма-жіп иіру фабрикасына жұмысқа орналасады.

Жалғыз перзентін бетінен қақпай өсіргенмен, анасы оны еңбекке ерте жасынан баулып, ұқыптылық пен адалдыққа үйретті. Содан болар, Сәкен Пішенбайқызы тым пысық болып бой жетті. Еш жұмысты қиынсынбады. Мылтық ату, теннис ойнау секілді ер балаларға тән ойындарға құмартып, туысқан ағаларымен бірге шөп шауып, К-700, ЗИЛ айдауды үйренеді. Фабрикада да алғырлығымен айрықшаланып, жұмысқа енді үйренісіп келе жатқанда қиын-қыстау заман туып, кәсіпорын жабылып қалады. Бұл ел ішінде ауырталық тудырған 90-жылдар болатын.

генмен, нұсқаушысының айтуымен «троллейбус жүргізушісі» куәлігін алып шығады. Сөйтіп, жүргізуші болып жұмыс істеп жүргенде парк жабылып қалады. Қайсар қыз бұл кезеңнен де сүрінбеді. Тағы бір жылдай оқуын жалғастырып, В, С, Д категорияларын алып, қаладағы №3 паркке автобус жүргізушісі болып жұмысқа орналасады.

Сол жерде жүріп тағдырдың үлкен сынағына тап болып, қатерлі ісік диагнозы қойылған соң мүгедектікке шығарылса да, қиындыққа мойымай, маңдайға салғанға тәзіп, басынан өткерген ауыр жағдайдан кейін тез бойын жинап, №1 паркке барып, жарты күндік жұмысқа ауыстырылады. Одан соң МАН, ИВЕКО, СИТЕЛОС, УРБАН автобустарында жүргізуші болған Сәкен Лейб бүгінде №25 электробуста жүргізуші болып еңбек етіп жүр.

– Қоғамдық көлікті тізгіндеу үлкен жауапкершілік пен батырлықты талап етеді. 2000 жылдары алғаш рет троллейбус жүргіздім. Бұл



## ТОҒЫЗ БАЛАЛЫ ТЕМІРЖОЛШЫ

«Әйел бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөзге лайықты қазақ әйелі көп. Солардың бірі – елордалық тоғыз балалы ана, теміржолда талай жыл тер төгіп келе жатқан Жібек Ермағамбетова. Кейіпкеріміз бала туып, оны бағумен отырып қалмай, «ҚТЖ» компаниясында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бухгалтері болып жұмыс істеп жатқанына биыл 17 жыл.

**Райхан  
РАХМЕТОВА**

Жібектің жолдасы Талғат та теміржолшы. Жарасымды жанұяның отағасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ – магистральдық желі дирекциясы филиалында заңгер болып еңбек етеді. Бір өмірді қосақтаса сүріп жатқан жұп үш ұл, алты қыз тәрбиелеп отыр. Жарық дүниеге тоғыз бала әкелген Жібектің өзі қырықтан асса да, жас келіншектей құлпырып тұр, тал бойында бір мін жоқ. Керісінше, әр бала көркем келбетіне одан сайын ажар сыйлап, жасарта түскен тәрізді.

Отбасының тұңғышы 22 жастағы Еркеназдың бұл күнде отауы бөлек, екі сәбиі бар. 2018 жылы «Астана аруы» атанған, мамандығы дизайнер. Одан кейін үйелмелі-сүйелмелі үш ұл қатар өсіп келеді. Нұрсұлтан Түркияның Измир қаласындағы жоғары оқу орнына өз күшімен оқуға түсіп, инженер-технолог мамандығы бойынша білім алуда. Әділет «Туран» колледжінде архитектор мамандығына оқып жатыр. Үшінші ұл – Арсен 10-сынып оқушысы, футбол ойнайды. Одан кейін Нұрсая,

Айзере, Майра, Бексана атты болашақ арулар өсіп келеді. Ал отбасының сүт кенжесі – еркетотай Ақкерім 5 жаста.

– Әр бала өмірге өз несібесімен келеді. Сондықтан көпбалалы болудың қиындығынан қызығы мол. Қазір қымбатшылық заман екені рас. Бірақ Үкімет тарапынан да көпбалалы отбасыларға түрлі жеңілдік, азды-көпті материалдық қолдау көрсетіліп жатыр. Биылдан бастап Ұлттық қордан әр балаға көмек жасақталғанша ақша аударылып тұрады. Мұның бәрі Қазақстан халқы санының өсуіне, отбасы құндылығының артатынына сенім ұялатады. «ҚТЖ» компаниясында да ұжымдық шарт шеңберінде көпбалалы отбасыларға қолдау-көмек бар. Теміржолда жұмыс істегеніміздің арқасында елордадағы «Saganda» тұрғын үй кешенінен төрт бөлмелі пәтер алдық. Әрине, 25 жыл төлемақысын жүргіземіз. Бірақ өз баспанамыздың болғаны – көңілімізге медеу, – дейді көпбалалы ана.

Ынтымақ пен ауызбіршілік үстемдік еткен жанұяда жарасымды жұптың тәрбиесін алып өсіп келе жатқан балапандардың келешегі кемел боларына сенім мол.



## МЕКТЕП МАҚТАНЫШЫ

Елордалық ұстаздар – ел ұстаздарына үлгі. Білім саласында қызмет істеп жатқан мерейлі мұғалімдердің еңбегін бағалау – елдіктің ісі. Әлімхан Ермеков атындағы №38 мектеп-лицейдің информатика пәні мұғалімі, педагог-шебер, «Creation» шығармашылық тобының жетекшісі Күлзира Сейлова – сол биіктен көрінген педагог, Ы.Алтынсарин төсбелгісінің иегері.

**Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ**

Күлзира Серікбайқызы пәндік олимпиадаларға, робототехника, STEAM – жобалар сайысына оқушыларды дайындап, жоғары жетістікке жетуде. Өз мамандығын жақсы көретін мұғалім ғана оқушыны өмірге қажетті құзыретпен қаруландыра алады. Пән мұғалімі ретінде оқушыға тек теориялық білімді ғана меңгертіп қоймай, оны іс жүзінде де қолданып, мәселені жаңа жағдайларда шешіп, өмірде қолдану үшін еңбектеніп жүр.

Мерейлі мұғалім «Creation» шығармашылық топ жетекшісі ретінде информатика пәні мұғалімдерінің кәсіби өсуіне қолдау жасап, дарынды оқушылармен жұмыс жүргізіп келеді. Басқарып отырған шығармашылық тобының негізгі бағыттары – пән олимпиадасына дарынды оқушылар-

ды дайындау, оқушылардың зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобаларын ұйымдастыру, робот техникасы, хакадон, STEAM олимпиадаларына оқушылардың қызығушылығын арттырып, кәсіби бағдарлануына жағдай туғызу.

– Күлзира Серікбайқызы әр оқушыны шығармашыл тұлғаға жетелеу, қабілетін ашу, өзіне деген сенімін нығайтуға түрткі жасау нәтижесінде шәкірттері биік белестерді бағындырып келеді. Адам тәрбиесі, тұлғаны қалыптастыру ісі де бір орнында тұрмайды, үнемі ізденіс үстінде. Барлық педагог болашақ ғасырдың тұлғасын қалыптастыруда қызмет етіп келеді әрі кез келген мұғалімнің, ұстаздың басты міндеті, мақсаты болуы керек. Бұл ретте Күлзира Сейлова баулыған шәкірттердің жетістігі өте көп, ол дайындаған оқушылар түрлі халықаралық, республикалық,

қалалық деңгейдегі жарыстарда алғашқы орындарды иеленген. Ұстаз да, оқушыларымыз да мектебіміздің ғана емес, елордамыздың, еліміздің мақтанышы, – дейді мектеп-лицей директоры Қадырқазы Мұқанов.

– 2022 жылы өткен First Global Challenge Орталық Азия чемпионатында, халықаралық STEM олимпиадасында, қалалық «Білім шыңы-2023» чемпионатында жүлделі орындарға ие болып, бағалы сыйлықтар алдық. Оның бәрі ұстазымыз Күлзира Серікбайқызының үлкен еңбегінің арқасында деп білемін. Бізді бағыттап, жетелеп, биіктерге шығуымызға, арманымызға қанат байлауға жәрдемдесті, – дейді мектеп-лицей оқушысы Б.Арыстан.

XXI ғасыр – жылдам өзгерістер ғасыры. Жаңару, өзгеруді күнделікті өмірден көріп жүрсіздер. Осындайда уақытпен санаспай, еліне қалтқысыз қызмет етіп, жас ұрпақты биік



шыңдарға жетелеп, мәңгілік елдің ізбасарларын тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаздарға мың алғыс айтсақ та артық етпейді.

Елімізді өркениетке апарар жолдың бастауында мектеп тұрады. Ал мектептің жүрегі мұғалім екені мәлім. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Оқушы-

ны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін ұстазға терең білім, биік парасат керек. Оқушылардың жүрегінен орын алған, таудай талабын ұштаған, білімге, ғылымға бағыттаған білікті ұстаз, мықты педагог Күлзира Сейловаға толағай табыс, шығармашылық шабыт тілейміз!

## ӘЛЕМ ӘЙЕЛДЕРМЕН ӘСЕМ



Астана қаласы Байқоңыр ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем әйелдермен әсем» атты мерекелік іс-шара өтті.

Елорданың дамуы мен гүлденіп көркеюіне өз үлестерін қосқан, әр салада табанды еңбек етіп келе жатқан әйелдер қауымын мерекемен құттықтау мақсатында өткізілген мерекелік іс-шараға қоғам қайраткерлері, елорданың дамуына атсалысып жүрген әр сала қызметкерлері (әйелдер), ауданның көпбалалы аналары және белсенділері қатысты.

Іс-шара аясында Байқоңыр ауданының алтын құрсақты, көпбалалы аналарына «Алтын» және «Күміс» алқалары салтанатты түрде табысталды. Бұдан бөлек, әр салада табанды еңбек етіп келе жатқан нәзік жандылар аудан әкімінің Алғыс

хатымен марапатталды.

– Ауданымызда 350-ден аса «Алтын алқа» және 600-ге жуық «Күміс алқа» иегерлері тұрады. Бұл дегеніміз әйелдер қауымының қоғамымызда алатын орнының қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Қазіргі қоғамымызда әйелдер тек отбасының береке-бірлігін ойлап қана қоймай, мемлекетіміздің өркендеуіне, саяси-әлеуметтік, мәдени мәселелердің шешілуіне белсене араласып келеді. Бала тәрбиесімен қатар, қаламыздың дамуына өлшеусіз үлес қосып жүрген сіздердің еңбектеріңізге қашан да бас иеміз! – деді аудан әкімі Талғат Рахманберді.



## МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ ҚУАНЫШ

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен елорданың белсенді нәзікжанды зейнеткерлері үшін мерекелік кеш өткізілді.

Жетпіс пен сексен жасты арқалаған аяулы әжелер мен ардақты аналар – қоғамдық жұмысқа белсене араласып, Тәуелсіз еліміздің нығаюына өз шамасына қарай үлес қосып жүрген абзал жандар. Олар үшін ұйымдастырылған мерекелік кештің шымдылығы әсем әнмен ашылып, Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияда өткен концертпен жалғасын тапты.

«Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүние тек аналармен ажарлы. Бүгінгі таңда белсенділік танытып, ардагерлер

арасында ауқымды қоғамдық жұмыстарын атқарып жүрген әйелдер қауымына алғыс айтамын! Әр күн көктемгі сезімнің жылуын, қуанышын, бақыты мен махаббатын сыйласын!» деп құттықтады Алматы ауданы Ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин.

Кеш соңында сөз алған Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Армонияда өткен концертпен жалғасын тапты. «Мынау тынымсыз тіршілік пен кең дүние тек аналармен ажарлы. Бүгінгі таңда белсенділік танытып, ардагерлер

## ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕГЕН БАЙҚАУ

Елордада халықаралық әйелдер күні қарсаңында «Күміс ханымдар» байқауы өтті.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ

Қарттардың қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділігін арттырып, отбасылық қазақы дәстүр жалғастығы мен ұрпақтар сабақтастығын нығайту мақсатында өткен ауданаралық байқауды Астана қаласы әкімдігінің «Белсенді ұзақ өмір

сүру орталығы» ұйымдастырып өткізді.

Байқауға қаладағы әр аудандан екі үміткер қатысты. Олардың арасындағы ең егдесі 78 жаста болса, ең жасы – 58 жаста. Олар бірнеше кезең бойынша (өзін таныстыру, өнер көрсету, дәмді ас дайындау) сынға түсті. Байқау соңында үздіктер анықталып, бас жүлде Алматы

ауданының әжелеріне бұйырды. Бірінші орынға – Байқоңыр ауданы, екінші орынға – Нұра ауданы, үшінші орынға Сарыарқа ауданы ие болды. «Көрермен көзайымы» номинациясымен Есіл ауданының әжелері марапатталды. Оларға демеушілер көмегімен арнайы сыйлықтар берілді.

Іс-шараның ұрпақтарға

халқымыздың салт-дәстүрін дәріптеу тұрғысынан мән-маңызы айрықша екенін атап айтқан жөн. Себебі байқауға қатысқан әжелер бір жағынан, халқымыздың ұлттық киім-кешек, қолөнер бұйымдар мәдениетімізді дәріптесе, екінші жақтан, «әйелдің бір өнері – ас пісіру» дегендей, қазақтың тағам мәдениетін де көрсетіп, қазір ұмыт болып бара жатқан «Үлпершек», «Қарынбурме», «Майсөк» сияқты тағамдарды әзірлеп әкеліп, оларды дайындау әдістерін түсіндірді. Осы тұрғыдан алғанда, бұл тек өнер байқауы ғана емес, ұлттық дәстүрді дәріптеген маңызды іс-шара болады.

– Құрылғанына екі жыл уақыт болған орталығымыз қаладағы қарттарымыздың тәніне қуат, жанына шуақ сыйлады деп айтсақ қателеспейміз. Өйткені бұл орталық зейнетке шыққаннан кейінгі өмірді де мәнді, мағыналы өткізуге жаңаша мүмкіндік сыйлады. Бүгінгі байқау – соның жанды айғағы. Ұлттық дәстүріміздің, ұлттық құндылықтарымыздың байқаудың басты арқауы болғаны да «қарты бар үйдің салты бар» деген сөздің дәйекті дәлелі болды, – деді «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ директоры Мұхтар Еркетаев.



## ЕЛОРДАНЫҢ ЕРКЕТАЙЫ КІМ?

Елорданың Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында мектеп жасына дейінгі балаларға арналған «Елорданың еркетайы» қалалық байқауы өтті. Жекеменшік балабақша бүлдіршіндері арасында алғаш рет ұйымдастырылған өнер додасына 100-ге жуық бала қатысты.

Индира  
БЕРЖАНОВА

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы мен қалалық Білім басқармасы ұйымдастырған байқауға 5-6 жас аралығындағы бөбектер қатысып, 4 аталым бойынша бақ сынады. Іріктеуде «Вокалдық топ», «Вокал», «Хореография» және «Балалар музыкалық аспаптарында ойнау» номинациялары бойынша 140 бейнематериал қаралды. Нәтижесінде 74 өнер шығармасы іріктеуден өтті.

«Елорда еркетайы» байқауының ерекшелігі – биыл жекеменшік балабақшалардың мектепалды даярлық топтары арасында тұңғыш рет өткізілуінде. Мұндай байқаулар жас өрендерді шығармашылықпен айналысуға, сахнаға шығуға баулып қана қоймай, талантты

бүлдіршіндерді анықтауымен маңызды саналады. Сондықтан аталмыш байқау келесі жылы да жалғасын табады» деді өз сөзінде «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау

орталығының директоры Жанар Бейсенбаева.

«Балалар музыкалық аспаптарында ойнау» номинациясында балабақшадан 8 қатысушы қатысып, «Тепеңкөк» күйін шертті. Мұндай сайыстардың жиі өткізілгені дұрыс. Балалар түрлі ұлттық аспапта ойнау арқылы жасынан ұлттық құндылықтарымызбен сусындап өседі» деді аталмыш балабақша тәрбиешісі Анар Смайылова.

Қазылар алқасының шешімімен қалалық өнер байқауы

ның 4 номинациясы бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды. Атап айтсақ, «Вокалдық топ» аталымында «Baibala» балабақшасы, «Вокал» аталымында «Little Harvard» балабақшасы, сондай-ақ «Хореография» аталымы бойынша «Аяулым-2» және «Балалар музыкалық аспаптарында ойнау» аталымы бойынша «Бақытты бала IQ» балабақшасы бас жүлдеге лайық деп танылды. Қатысушы балдырғандар Алғыс хатпен марапатталып, естелік сыйлықтар табысталды.



## ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСАДЫ

«Жаңа» отбасы институтын қолдау орталығында Астана қаласы әкімінің орынбасары Евгений Глотовтың төрағалық етуімен Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының алқа отырысы өтті. Жиынға басқармаға қарасты мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысты. Отырыста 2023 жылдағы жұмыс қорытындысы бойынша мәселелер қаралып, 2024 жылға жоспар белгіленді.

Райхан  
РАХМЕТОВА

– Біздің басқарма жыл сайын 300 мыңнан астам мемлекеттік қызмет көрсетеді. Елордада 1838-ге жуық әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді, олардың 250-ден астамы – әлеуметтік қызметкер және 117-ге жуық мұғалім бар. Басқарманың негізгі бағыттары мен міндеттері – еңбекке қабілетті жұмыссыз халықты нәтижелі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың әлеуметтік осал топтарына жататын азаматтарды әлеуметтік қорғау, – деді Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб.

2023 жылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары бойынша 24,3 мың адамға көмек берілді, оның ішінде 12 662-сі – жастар, 13,5 мың адам жұмысқа орналастырылды, оның ішінде 8,6 мыңы тұрақты жұмыс орындарына, 4,9 мыңы субсидияланатын (уақытша) жұмыс орындарына орналастырылды. Сондай-ақ 70 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бірегей «JOLTAP» жобасы іске

қосылды. Оның аясында «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері арқылы тұрғындар табысын арттыру мүмкіндіктері, атап айтқанда, 52 мемлекеттік қолдау шарасы бойынша кеңес ала алады. Жоба сонымен қатар тегін офлайн режимінде (көк жағалы мамандықтар бойынша қысқа мерзімді оқыту, цифрлық дағдыларды оқыту, микроқаржыландыру) және онлайн қолдау құралдарын («Jumustar» телеграм боты) ұсынады. Мұнда көк жағалы мамандықтар бойынша қазіргі бос орындар жиналады (резюме құрастырушы). Жоба іске қосылғаннан бері 5,7 мың азамат қамтылды, оның ішінде 3 мыңнан астам жұмыссыз азаматтар, 2,7 мыңы – жастар, 700-ден астам азамат жұмысқа орналастырылды.

Жалпы, әлеуметтік қолдау 186 мыңға жуық адамды қамтиды, оның 34,7 мыңы – мүгедектер, 127,1 мыңы жасы мен еңбек өтілі бойынша зейнеткерлер (7-ҰОС-ның ардагерлері), 1 мыңға жуығы ҰОС ардагерлеріне (соғыс ардагерлеріне) теңестірілгендер. 31,4 мың – көпбалалы отбасы, 6,5 мың – «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған көпбалалы ана. 3,5 мыңнан астам аз қамтылған отбасы атаулы әлеуметтік көмекпен қамтылды.

**Елена  
ӘБДІХАЛЫҚОВА**

**КҮЛШІ, ЖАНЫМ!**

Күлші, жаным!  
Тарасын өн-бойыма нұр-шуағың!  
Тағдырым ашылсыншы алды тұман,  
адасып мұң-сыңарым!

Күлші, жаным!  
Мұң жеңген бас көтерсін сыршыл арын,  
Жарығың селт еткізсін қайғы дейтін  
Жанымның жегі болған сыншыларын.

Күлші, жаным!  
Мен енді шаттануға ұмсынамын!  
Нұрлана түседі өмір, сен күлгенде  
Шығады ұясынан қымсына Күн.

Күлші, жаным!  
Күлмесен, өмір айтып қырсық әнін,  
жанымды қоятұғын жер таба алмай,  
өзімнен өзім қайта тұншығамын.

Күл, жаным,  
сусады күн, тақыр – дала  
Шаттану керек кейде ақылға да!  
Жылауық тағдырымның жалғыз емі –  
Сенің бір жарқын күлкі сәтің ғана!

**Маржан  
ЕРШУ**

**КӨҢІЛГЕ ШУАҚ КЕЛДІ**

Көктем келді!  
Көктемменен көңілге шуақ келді,  
Көгереді, өседі қырат та енді.  
О, Наурыз! Ырыздықты берекеңмен  
Көңілдерді көтеріп, қуант елді.

Алғыс күні! Аяулы сезім күні!  
Ақжүрек қуаныштың сезілді үні.  
Алғыс алу еліңнен қандай бақыт!  
Жүрегіңмен, жаныңмен сезін мұны.

О, жақсылар! Жайсаңдар! Армысыңдар!  
Биік боп көрінбей ме қарлы шыңдар?!  
Сіздердей дана көңіл адамдарға  
Менің де жүрекжарды алғысым бар.

**Толқын  
ҚАБЫЛША**

**ЖАН ЖҮРЕГІМ**

Иесі болмасаң да бесігімнің,  
Киесі болмасаң да есігімнің,  
Адалдықтың еншісі секілденген,  
Әр әрпі ізгілік қой есіміңнің!  
Көкжиектен қарайтын Күн көзіндей,  
Сен тағы күліп тұрсың, кешірімдім!

Сен тағы күліп тұрсың, жан-жүрегім!  
Жан-жүрегім!  
Сен неткен тағдыр едің?!  
Мені мұңаймасын деп күн кешетін,  
Сенің нәркестігіңде бар тілегім.  
Мен өзімнен биікпін, аспан тектес,  
Сен жаңбырсың,  
сүйетін жанды керім.

Ұғындырған ең сұлу ар қадірін,  
Ұғындырған ең тұнық жан қадірін.  
Жаратқаным секілді тым кінәсіз,  
Сен өлеңсің,  
сыйлайтын жанға тыным.  
Арманымның алауы секілденген,  
Сен бар жерде үміт бар,  
Жап-жарығым!

**Айзада  
РАХЫМЖАНОВА**

**БІЗДЕ, ЖАНЫМ,  
БӘРІ ДЕ БАР...**

Бізде, жаным, бәрі де бар...  
сезім жоқ,  
Болса, неге лаулайды көзіңде от?!



# Бір ғажапты күтеміз - ау көктемнен...

Болса, неге сағынбайсың үздігің?  
Мен бе? Менің сағынбайтын кезім жоқ,

Біз өткерген мезгілдер бар,  
Көктем жоқ...  
Жанымменен қарашаны өпкем көп.  
Екі бірдей ақымақты ұға алмай,  
Жаңбырымен жанар жасын төккен көк.

Бізде, жаным, бәрі де бар...  
Жоқ бақыт...  
Махаббат жоқ, одан өзге қоспа түк.  
Жүрек құрғыр атқақтайды, рұқсат ет,  
Қояйыншы тоқтатып...

Сен де үнсіз күтіп жүрсің көктемді,  
Асықпайды ол, былтыр да өстіп кеш келді.

Өткеніңнің ең бақытты сәтінен,  
Өкінішті, қалмайтыны еш белгі...  
Махаббатты жұрт болмаған десіп жүр,  
Ақ сезімге тең келмейді еш ұлбір.  
Асқақ-асқақ арманымыз аспанда,  
Бұйра-бұйра бұлпнен бірге көшіп жүр.

Жанымызға бүгіп келген сыр неткен?  
Мен де оны сағынып ем, білмеп пе ең?  
Ең жауапсыз сезімдерге жаны ашып,  
Қар астында тыныстайды гүл-көктем!

P.S.

Бір ғажапты күтеміз-ау көктемнен,  
Асықпайды ол, былтыр да өстіп кеш келген...

**Мақпал  
МЫСА**

**АСТАНА ТҮНІ**

Түн.  
Астана.  
Ойларымның егесі,

Өзге емес, тиді өзіме жебесі.  
...Мыңжылдықтар!  
Сендерменен өрлейді  
Түбі кемел келешектің кемесі!

Дақпырты көп дәуірлердің  
көшінде,  
Беу, Сарыарқа!  
бәрі сенің есіңде.  
Шер төгейін...  
өлеңіммен өбектеп  
Еркелейін ел қондырған Есілге!

Мына түннің мойыл қара көздері  
Алғаш сені көргенімде өзге еді.  
Өңменімнен өткен желің жел емес,  
Өресіздің өктем суық сөздері.

Түн.  
Астана.  
Керуенді көш пе еді,  
Бар ғаламның жанса шіркін  
өшкені...  
Батырарын енді ұғындым сан ойға  
Жапырағын жел ұшырған кештері.

Кедергіге тап болса да үш аттап,  
Ақындардың болады екен түсі аппақ,  
Түн.  
Астана.  
Ақ дүниеде көз ілдім,  
Аппақ-аппақ армандарды құшақтап...

**Жұлдызай  
ЫСҚАҚ**

**МЕН ЖҮРЕК ЕМ**

Қиял деген ұстатпай ма қуғанға,  
Арман деген жеткізбей ме алқынсам.  
Бұл өмірде «мен ішпеген у бар ма?»  
Тоқтап барып,  
қайта соқтым бәлкім сан.

Мен жүректің,  
Иә, қырық жасауым.  
Лүпілімді табылар ма жан тыңдар?!  
Сұмға жауым,  
ал сүйгенге-адалмын!  
Гүлден нәзік,  
тастан берік қалпым бар.

Мен жүрек ем,  
жаратылған өлеңнен,  
Бұлқынамын кеудесінде өмірдің.  
Жылы алақан іздестіріп келем мен,  
Көрсетеді жолын кім?!

**Алма  
ТҮСПБЕКОВА**

**БІР КҮНІ...**

Мен бақытты бола салам бір күні...  
Гүлнәр Салықбай

Жүрегіме жүк артса да жыр құны,  
Сағынамын сол шынайы күлкіні.  
...Адалдық кеп ақ жүзімнен сүйгенде,  
Мен бақытты бола салам бір күні.

Тағдыр тағы тапаншасын тұр кезеп,  
Жалған өмір, жалын атқан жырға өзек.  
Ізгілік кеп иілгенде алдыма,  
Мен бақытты бола салам бір мезет.

Сезіміме сый боп жеткен нұр-көктем,  
О, керемет!  
Нұр сорғалап тұр көктем.  
Ақ бұлақ боп ағып жатса ақ пейіл,  
Мен бақытты бола салам бір сәтте.

Терістікке кетпеген соң мұң ауып,  
Мына аспан да көңілшектеу, жылауық.  
Ақ дүние ақ сағымға малынса,  
Мен бақытты бола салам бір ауық,

Қойса да өмір қадамымды тар тұсап,  
Маған жаяр ізгілік пен ар құшақ.  
Жақсы адамдар жарқылдап бір күлгенде,  
Мен бақытты бола салам жалқы сәт.

Атары анық алдымыздан таң күле,  
Біздер жайлы айтса да жұрт әңгіме.  
...Өзің келіп өпкен сәтте маңдайдан,  
Мен бақытты бола салам мәңгіге!..

**Динара  
МӘЛІКОВА**

**ӨМІР МЫНАУ  
БІР СЫНАҚ**

Көктем кепті менсіз-ақ,  
көктем келді сенсіз-ақ.  
Қыстың қалды қырауы,  
көңілімде бір сұрақ.

Жеріп кетсең үндеме,  
Күрсініп-ап жүр деме.  
Қуануды үйрендім,  
сен болмаған күнде де.

Сүймей кетсең ақталма,  
(бұл сезімге сот бар ма?)  
Өмір сүріп жүресің,  
жолданбаған хаттарда.

Гүл тақпай-ақ шашыма,  
Көктем келді асыға.  
Ұйықтап қалғым келеді,  
Ұйықтамай-ақ қасыңа.

Өмір мынау бір сынақ,  
Жаным қалай тынышмақ?  
Күліп қойып жүремін,  
Көз жасымды сүртіп ап.

(Өлеңдер әлеуметтік желіден алынды)







## ҰЛТ БОЛАМЫН ДЕСЕҢ, ҰЛЫҢДЫ ДА ТҮЗЕ

Қай кезде де ұлт тәрбиесі бала тәрбиелеп өсіретін әйелге қатысты айтумен келеміз. Ұл тентектік жасап, қыз жаңсақ басса да анасын кінәлаймыз. Ал әкені ұлт ұрпағын тәрбиелеудің басына неге қоймаймыз? Неге қызды ұрып, мықтылығын көрсететін ер балалар тәрбиесін ерлерден, әкелерден сұрамаймыз?!

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

### ӘЛЕМНИҢ ТЫНЫШТЫҒЫ – ӘКЕЛЕРДЕ

Соғысты бастап жатқан кім, кім әйелін ұрып өлтірді, кім жас бүлдіршін қызды зорлады, кім көкөрім қызға әлімжеттік жасады, кім ажырасқан соң алимент төлемей қашып жүр, кім әйелі мен балаларын қақаған қыста үйінен қуып шықты, баспанасын тартып алды, кім екінші әйел алып, бәйбішесін арылмайтын күйзеліске түсірді аузына келген былапытын айтып, апа-қарындасты соғып, стресске ұшырататын кім – әрине, жуан жұдырықтылар, ерлер. Былайғы жұртқа азамат болып көрінетін, үйінде бала-шағасын, әйелін, туысын апшыдай қуырып, жай көзге мол-момақан, келісті гений болып көрінетін екіжүзділер бізде де, шетелде де толып жатыр.

Алиментке қатысты Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің мәліметінше, 2023 жылы Қазақстанда алимент төлемегені үшін 1618 адам іздестірілуде екен. Олардың ішінде ерлер саны – 1476, әйелдер саны – 142. Іздестіруде жүргендердің көбі – 31 жастан 40 жасқа дейінгілер. Алимент төлеуден қашатындардың көбі Астана қаласында екен – 361 адам. Елімізде алимент төлеу жөніндегі міндеттерді қасақана орындамау бойынша Қылмыстық кодекстің 139-бабына сәйкес, 427 қылмыстық іс тіркелген.

Қоғамдық формациялар алмасып, құндылықтар өзгерген шақта қоғам өркениеттің жақсы жағын емес, жаман тұсын бойына сіңірген уақытта бала тәрбиесіне қатысты тек біржақты әйелдерді, қыздарды, аналарды кінәлау

орынсыз. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне орай айтылатын жауыр болған стереотиптерді осы қыз баланың тәрбиесіне қатысты жиі айтатын болдық. Ұлт патриоты сияқтанып, тәрбиенің барлығын әйелдердің иығына қашанғы арта береміз?!

Әрине, талбесікті тербейтін, оқытатын, тәрбиелейтін ана ғой, бірақ ер баланың да, қыз баланың да әкеден, ағадан көрген-түйгеніне жетер ештеңе жоқ.

Тәрбие ең әуелі отбасынан басталады, әкесінің былапыт сөздермен шешесін ұрғанын, қыздарын тілдегенін көрген ұл кейін көргенін істейді. Үйдегі

ағасы ұлды іздеп тауып, қарындасынан кешірім сұратады. Мұғалімдер араласып, ұлдың анасы қыздың анасына қоңырау шалып, кешірім сұраудың орнына ұлдың туған ағасы болмаса да, туысқан ағасы келіп, қарындасын қорғаған ағасына қоқан-лоқы жасайды. Қараңыз, әкесі анасына, анасы баласына жұдырық жұмсайтын, жолында кездескенді тек жапырып өтуді ойлайтын отбасының тәрбиесі осылай екен, оны осы іс-әрекетінен байқадым, – дейді елордалық Күмісай Жарқынбекова.

Шынында да, отбасында мейірім көрген бала қоғамда кешірімді болып өседі, от-

– Болашақты лозунг қылып, тілмен сайрап үміт күтетін, тірлігі жоқ ұлттың алда не күтіп тұрғанын мына видео соқырға таяқ ұстатқандай етіп баяндап тұр. Тәрбиешіге кінә тағып, директорға шара қолданудың пайдасы жоқтың қасы. Мәселенің төркінімен емес, мәселенің өзімен айналысу қажет. Ынтымақ пен бірліктің анасы – адамгершілік, әкесі – әділдік. Адамгершілік бүкіл қасиет кіреді. Өйткені анадан – қасиет, әкеден – өсиет деген. Қасиеттен жұрдай бола отырып, өсиетті өркендетеміз деу – жай өсек, пайдасынан зияны көп дүние. Заңмен емес, ожданмен жұмыс істеуге жұмылу қажет. Не істесек те суы шығып, сағы сынатын қоғам болдық, өте өкінішті! Неге? – дейді қоғам белсендісі Нұркен Асанов.

### НЕ ІСТЕМЕК КЕРЕК?

\* Ата-аналар үйде балабақшадағы баласынан бастап мектепті бітіріп бара жатқан баласына дейін ешкімге тиіспе, қамқор, жанашыр бол деп айтып отыру керек. Тәрбие деген – үйде балаларының бойынан көргің келетін мінез-құлық моделін күнде айтып отыру. Түптеп келгенде, «таспен ұрғанды аспен ұр» деген даналықты біздің бабалар айтып кеткен жоқ па еді?!

\* Балабақша мен мектепте бала бойына тәрбие сіңірудің нұсқаулығы керек. Белгілі бір мінез-құлық моделін (бұзық болма, ешкімге тиіспе, балалардың бәріне көмектес) күнде 5 рет әртүрлі контексте қайталасаң, баланың (кез келген адамның) жүріс-тұрысы өзгереді, – дейді қоғам белсендісі Шыңғыс Мұқан.

**2023 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА  
АЛИМЕНТ ТӨЛЕМЕГЕНІ ҮШІН  
1618 АДАМ ІЗДЕСТІРІЛУДЕ ЕКЕН.  
ОЛАРДЫҢ ІШІНДЕ ЕРЛЕР САНЫ –  
1476, ӘЙЕЛДЕР САНЫ – 142. ІЗДЕС-  
ТІРУДЕ ЖҮРГЕНДЕРДІҢ КӨБІ – 31  
ЖАСТАН 40 ЖАСҚА ДЕЙІНГІЛЕР.  
АЛИМЕНТ ТӨЛЕУДЕН ҚАШАТЫН-  
ДАРДЫҢ КӨБІ АСТАНА ҚАЛА-  
СЫНДА ЕКЕН – 361 АДАМ**

теріс тәрбиені мектеп те, университет те жөндей алмайды. Баладан бұрын әкесін тәрбиелеу керек.

– Мектеп жасында қызымды сыныптас ұл әлімжеттік жасап, ішінен ұрып, есінен тандырып қояды. Ешкімге айтпай, медпунктке жатады. Мектепте оқитын ағасына айтпайды арада кикілжің болмасын деп, бірақ аяқасты біреуден кездейсоқ естіген

басында мейірімнен жұрдай болған ұрпақ қоғамда қалың болары хақ. Жұырда әлеуметтік желіде жаппай тараған видеода балабақшадағы бүлдіршінің тобындағы баланы аяусыз ұрып, тепкілеп жатқанын көзіміз көрді. Бұл қоғам арасында үлкен резонанс туғызды. Меніңше, қоғамға мораль оқи бергеннен нақты іс-әрекетке көшкен дұрыс.

**P.S:** *Жаһандандудың қатыгез тырнағына ілігіп, жастарымыз жауыз бола бастаса, адамгершілікке, ізгілікке үндейтін қазақты қоғам үшін өте қауіпті. Ендеше мәселенің төркінімен емес, мәселенің өзімен айналысу қажет. Бұған қызыл сөздің, есеп үшін өтетін жиын қажет емес, отбасынан басталған тәлім-тәрбие балабақшада, мектепте жалғасуы тиіс. Салмақты, байыпты, мейірімді ата-анадан, зерделі мұғалімнен, білікті тәрбиешіден қатыгез бала шықпайтыны айдан анық.*

## АПОСТИЛЬ АҒАЙЫНҒА ТҰСАУ БОЛДЫ

Соңғы кездері Қытайдан келген қандастарға біздің ел «құжаттарыңды апостильден өткізіп әкел» деп талап қоя бастады. Бұл онсыз да оңтайлы шешілмей жатқан азаматтық алу мәселесін тіпті күрделендіріп жіберді.

Қалиакбар  
ҮСЕМХАНҰЛЫ


Қытай – 1987 жылы Гаага конференциясына қосылғанмен, ұзақ уақыт бойы апостиль туралы конвенцияны ратификацияламаған, осылайша құжаттарды заңдастырудың жеңілдетілген процедурасы жоқ әлемдегі ең ірі ел саналып келді. Сосын да Қазақстан мен Қытай «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 мамырдағы №2309 Жарлығына сәйкес қажетті құжаттарды ресімдеп келген еді. Алайда 2023 жылғы 7 қарашада апостиль туралы конвенция Қытай Халық Республикасында күшіне еніп, ресми құжаттарды заңдастыру талабы қойылды. Осы өзгеріске сәйкес, еліміздің құзырлы органдары Қытайдан келген қандастардан да неке күәлігі, туу туралы күәлігі және зейнетақы тағайындауға қажетті құжаттарға апостиль талап ете бастады. «Атамның шоты аса-аса тиеді» дегендей, кейбір өңірлерде «паспорт пен Қытай жеке күәлігін де апостильден өткізіп әкел» деген талапты қойған-мыс. Бұл жағдай Қытайдан келетін ағайындардың Қазақстанға келу жолын тіпті ауырлата түсті. Өйткені қандастарымыздың паспортын жинап алып, шекарадан кіріп-шығуын қатаң бақылап отырған Қытай билігі енді осы құжаттарды апостильдеудің жолын да қиындатып отыр. Яғни Қытайдағы қазақтар қоныстанған өңірлерде апостиль жасамайды, сондықтан ондағы ағайындар құжаттарын апостильден өткізу үшін Бейжіңге жіберіп, бір құжатқа ең аз болғанда 850 юань (56 мың теңге) төлеуге мәжбүр. Кейбір өңірлерде одан да қымбат. Бір құжатқа апостиль жасау үшін 1800 юань (118 мың теңге) төлеген азаматтар да бар. Енді есептей беріңіз, бір отбасында 4 жан болса, құжаттарын апостильден өткізу үшін 220 мың теңге төлейді, Қазақстанға келгеннен кейін ол құжаттарын аударту, куәландіруден өткізу ісі тағы бар, осы шығынның бөріш қоссаңыз, бұл, әрине, көшіп келетін ағайынның қалтасына үлкен салмақ.

Ең қызығы, қандастарымыз жиі қоныстанған Шыңжаң өңірінде бұл құжаттарды қалай жасауды жергілікті атқарушы билік өкілдері өздері жақсы түсінбейтін секілді. Сосын да «алдымен Қазақстанның азаматтығын ал, содан кейін ғана жасап береміз» деген сияқты орынсыз талаптар қоя бастаған. Оның үстіне, басқа мемлекеттердің еліміздегі елшілік, консулдықтары өз елінен келген азаматтарға апостиль жасап бергенмен, Қытай елінің Қазақстандағы елшілік, консулы бұл құжаттарды бермейді. Демек, Қазақстанға мың бір машақатпен келген қандастарымыз апостиль үшін Қытайға қайта баруы керек боп отыр. Әрине, олардың бір реттік рұқсатпен, шекті мерзімге келгенін ескерсек, бұл талап қандастарымызға қолайсыздық тудыратыны сөзсіз.

Ең маңыздысы, «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы шартты бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының күші әлі жойылған жоқ. Ол шартқа сәйкес, Қытайдан келген қандастар құжаттарды апостильден өткізіп әкелуі шарт емес. Зейнет жасына толған қандастар өзінің жұмыс өтілі рәстайтын мұр басылған, көл қойылған құжат әкелсе жеткілікті еді. Бірақ бұл мәселеге байланысты бұрын біздің құзырлы орындар легализация сұраса, қазір апостиль талап етіп отыр. Бұл да жоғарыдағы шарт бойынша орынсыз талап. Демек, осы мәселелерді ескере отырып, Қытайдан келген қандастардан апостиль талап етуді тоқтатқан жөн сияқты.

Әрине, құжаттарды апостильден өткізу халықаралық тәжірибе екені рас. Бірақ біздің елдің заңында «қандастарды жеңілдетілген тәртіппен азаматтыққа қабылдау» деген талап анық жазылған. «Шетелдегі қандастарымызды елге қайтару ісі ешқашан назардан тыс қалған емес, қалмайды да. Дүние жүзіндегі қандастарымыздың басын туған жерде біріктіру – біздің қасиетті парымыз» деп Президент те баса айтқан. Ендеше заңымызға жазып, Президент өзі нұсқау беріп тұрғанда, ұлы көшке кедергі келтіретін тосқауылды «халықаралық тәжірибе» деп қорғаштаудың қажеті қанша?! Қандас халықаралық қауымдастыққа емес, Қазақстанға керек.





## ӨКПЕНІ ДЕРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Қазақстанда биыл 24 ақпан мен 24 наурыз аралығында «Туберкулез дертімен күрес» айлығы өтуде. Оның қорытындысы 24 наурыз – Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күнінде шығарылады. Бұл айлыққа Астанадағы барлық қалалық емханалар атсалысып, түрлі іс-шаралар өткізуде.

**Т**уберкулез – туберкулез микобактериясынан туындаған инфекциялық ауру.

Мұны ауруды тапқан ғылымның атымен Кох таяқшасы деп те атайды. Ол, негізінен, өкпені зақымдайды, бірақ басқа органдарда да болуы мүмкін. Инфекцияның көзі – өкпе туберкулезімен ауырған адам. Әлемдегі ең көп таралған дертпен дүние жүзінде жыл сайын 9 миллион адам ауырады. Дерттің белсенді түрімен ауыратын бір науқас бір жылда 15 адамға дейін жұқтыруы мүмкін.

Елорда емханаларында туберкулезге қарсы іс-шаралар кешенді түрде өткізіледі, оның мақсаты – туберкулездің алдын алу, дер кезінде анықтау және дұрыс емдеу. Мәселен, жақында қаладағы №11 емханада Фтизиопульмонология орталығы дәрігерлерінің қатысуымен былтыр өткізілген туберкулезге қарсы іс-шаралардың қорытындысына арналған медициналық кенес өтті. Жауапты дәрігерлер туберкулез бойынша эпидемиологиялық жағдайды және емханада туберкулезге қарсы іс-шаралардың сапасын бағалау индикаторларының орындалуын баяндады.

Бұл айлыққа мектеп оқушылары да белсенді қолдау білдірді. Атап айтқанда, елордадағы №77 мектеп-гимназиясында 8-10 сынып оқушыларының қатысуымен «Ақ түймедақ» флешмобы ұйымдастырылды. Флешмоб барысында ақ және сары түсті шарлармен туберкулезбен күресудің

символы болып саналатын ақ түймедақтың бейнесі жасалды. Бұл акция аталған ауруға қоғамның назарын аударуға, білім алушыларды аурудың қауіптілігі мен алдын алу туралы хабардар етуге бағытталған. Роберт Кох айтқандай, «оның (туберкулездің) өсуі мен таралуын әр адам күнделікті өмірде туберкулездің алдын алу туралы жақсы біліп, оны өмірде қолданған кезде ғана тоқтатуға болады». Іс-шарада Қалалық фтизиопульмонология орталығы директорының орынбасары Жеңісгүл Даугарина балалар мен жасөспірімдерде аурудың алдын алу шаралары туралы айтып, елорда бойынша статистикалық деректер келтірді.

– Астанада 2023 жылдың қорытындысы бойынша туберкулезбен сырқаттанушылықтың 21,1%-ға төмендеуі байқалды. Балалар (0-17) арасында да бұл көрсеткіш 12,2%-ға азайды. Туберкулездің негізгі белгілері - екі аптадан артық

уақытқа созылған жөтел, дене салмағының азаюы, дененің қызуы 37,00 С – 37,50 С көтерілуі, тершендік, әлсіздік, тез шаршау, жүдеу, кеуде тұсының ауыруы, тәбеттің жоғалуы. Осы симптомдар болған жағдайда дереу дәрігерге бару керек, – деді сала маманы балалармен кездесуде.

Ал №3 қалалық емхананың «Жас толқын» жастар денсаулығы орталығының мамандары туберкулезбен күрес акциясы аясында қаладағы Жоғары көлік және коммуникация колледжінде «Yes! We Can End TB!», «Біз туберкулезді жеңе аламыз» іс-шараларын өткізді. Акция барысында студенттер медицина мамандарының осы бағыттағы жұмысымен, аурудың белгілері және емдеу тәсілдерімен танысты. Студенттер арасында викторина ұйымдастырылып, олардың ауру туралы білімі тексерілді. Емхананың салауатты өмір салты дәрігері Азат Нұрмағамбетов «Туберкулез профилактикасы» тақыры-

бында семинар өткізіп, акция соңы флешмобпен аяқталды. Мұндай іс-шаралар қалалық №10 емханада да жоспарлы жүзеге асырылуда.

– Биыл 11 наурызда біздің емханада осы дертке байланысты ашық есік күні өтеді. Онда ересектер мен балалар фтизиатрлары консультация беріп, психологтар мен әлеуметтік қызметкерлер де келушілерге кеңесін айтады. Кен ауқымды акция барысында бір ай бойы түрлі мекемелерде жыйндар, флешмобтар, семинарлар мен тренингтер, дәрістер өткізу көзделген. Сонымен қатар балалар арасында «Деніміз сау боп өседі» тақырыбында сурет байқауы да ұйымдастырылуда. Әлеуметтік желілерде «Туберкулезді бірге жеңеміз!» челленджі жарияланды. «Эталон» құрылыс базары аумағында «Туберкулезді тоқтат!» көшпелі флюорографиялық тексеру өткізіледі, – дейді №10 емхананың Салауатты өмір салты дәрігері Гүлмира Қалиқызы.

Туберкулез ауруын жұқтыруға ықпал ететін факторлар мыналар: осы дертке шалдыққан адаммен байланыста болу, дұрыс және жеткілікті тамақтанбау, тұрмыстық жағдайдың төмендігі, стресс, темекі шегу, АИТВ\ЖИТС ауруы, маскүнемдік, нашақорлық, өкпе, қант диабеті, жара аурулары секілді созылмалы аурулардың болуы.

Аурудың алдын алу жөніндегі іс-шараларға туу кезінде БЦЖ егу және 6-7 жаста қайталап егу, ересектер мен 15 жастан бастап жасөспірімдерді жыл сайын флюорографиялық тексеруден өткізу, балаларға арналған манту сынағасын жыл сайын салу, үй-жайларды үнемі ылғалдап тазалап отыру, желдету жатады. Сонымен қатар иммунитетті нығайту, ағзаны шынықтыру, дәрмендер ішу, салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану, жеке гигиена ережелерін сақтау, темекі шегуден бас тарту, туберкулезді уақытылы диагностикалау және толық емдеу курсы аяқтау да дерттің алдын алуда өте маңызды болып саналады.

## ӘЙЕЛ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ЖАУАПТЫ ДӘРІГЕР

Денсаулық саласында 33 жылдық тәжірибесі бар дәрігер Бибігүл Көжекбаева Астана қаласындағы №11 емханада еңбек етеді. Емдеу мекемесіндегі жатыр мойны кабинетінің дәрігері әйелдерге гинекологиялық салада консультация беріп, диагностикалық тексеру жүргізеді.



Ақ халатты абзал жан Солтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген. 1985-1991 жылдар аралығында Қарағанды медициналық университетінде жоғары білім алған. Жолдамамен Петропавл қаласының перинаталды орталығына барып, еңбек жолын бастаған. Орталықта 1995-2012 жылдары дәрігер ретінде жұмыс істеп, 2004 жылы акушерлік блок меңгерушісі болады. 2012 жылы қалалық әйелдер консультациясы орталығы бас дәрігерінің орынбасары, 2015 жылы сол жақтағы №1 емханада директордың орынбасары болып, басшылық қызметте шыңдалады. 2022 жылы елордаға көшіп келіп, қазіргі №11 қалалық емханаға дәрігер болып орналасады. Бүгінде ол – осындағы жатыр мойны патологиясы кабинетінде жұмыс істеп, елордалық әйелдерге гинекологиялық көмек көрсетеді, диспансерлік бақылау жүргізеді.

– Отыз үш жылдық еңбек жылының 20 жылы стационарда өтіпті. Перзентхана

да жүргенде бір қызық жағдай болды. Бір сенбіде кезекшілікке шықтым, үшем көтерген әйелді босандыру керек болды. Сонымен әуелі бірінші баланы алдық, сосын екінші, кезегімен үшінші баланы алып, бәріміз ота сәтті өтті деп қуанып, риза болдық. Анасы да мәз. Мен акушер ретінде әрі қарай ананың қанын тоқтату, баланың жолдасын алу жұмыстарын жалғастырып жатқан едім, бір кезде баланың жолдасы ішінен қозғалып кетті, сөйтіп тағы бір баланың аяғы шықты. Сөйтсек, ЭКҰ арқылы бала көтерген әйел жүктілік кезінде УЗИ арқылы анықтағанда үшем көтердім деп ойлап келіпті. Осындай қызық жағдай болған. Қазір 4 баланың бәрі аман-есен өсіп жатыр, – деп дәрігер есте қалған қызықты оқиғамен бөлісті. Салаға сіңірген еңбегі үшін кейіпкеріміз «Денсаулық көмек көрсетеді, диспансерлік бақылау жүргізеді» төсбелгісімен, талай рет Құрмет грамоталары және Алғыс хаттармен марапатталған.

Бетті дайындаған Райхан РАХМЕТОВА

## КӨКТЕМДЕ ТЕРІ АУРУЛАРЫ ӨРШІСЕ ...

Созылмалы тері аурулары көбіне көктем мен күзде өршиді. Осы мезгілдегі климаттың ерекшеліктері оны асқындырады. Елорданың бас штаттан тыс дерматологы Гүлнар Батпенованың айтуынша, 2023 жылы Астанада ересектердің көпшілігі «псориаз», ал науқас балалар көбіне «атопиялық дерматит» диагнозымен емделген.

ДДҰ мәліметтеріне сәйкес біздің планетамыздың әрбір бесінші тұрғыны тері ауруларынан, көбіне созылмалы дерматоздан зардап шегеді. Созылмалы дерматоздар тобының ең танымал түрлері – псориаз, экзема, атопиялық дерматит, розацеа және басқалары.

Тері ауруларының алдын алу-

дың жалпы шаралары:

- Ең алдымен, белгілі бір жағдайларда (стресс, иммунитеттің әлсіреуі, шамадан тыс жүктеме) аурудың пайда болуына, өршуіне және қайталануына әкелуі мүмкін айқын қауіп факторларын жою қажет;
- Гипоаллергенді диетаны ұстаныңыз: рационнан цитрус жемістерін, шоколадты, тұздалған

тағамды, теңіз өнімдерін және басқа да ықтимал аллергияларды алып тастаңыз;

• Тері күтіміне уақыт бөліңіз (гипоаллергенді киім, жеке гигиенаны сақтау), далаға шықпас бұрын ашық теріге қорғаныс кремін жағыңыз;

Үйді ылғалдап, жиі тазалаған жөн.



№28-29 (4617) 07/03/2024 Бейсенбі

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

## ДЕРЕКТЕР СӨЙЛЕГЕНДЕ...

Елордадағы 780 білім беру ұйымында 365 544 бала білім алып жатыр. Қазіргі мектеп жасындағы балалардың саны Ақмола Астанаға айналған 1997-1998 жылдардағы облыстың халқымен бірдей болып отыр. Мектепке дейінгі білім беру саласында 548 мекемеде 68 129 тәрбиеленуші бар, орта білім беру бойынша 172 мектепте 261 мың оқушы, техникалық-кәсіптік білім беру 32 колледжде 21 мың 289 білім алушы бар.

Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова жуырда өткен жиында айтқан сын, келтірген деректерге көз салсақ, елорданың білім беру ұйымдарында бала қауіпсіздігіне қатысты әлі де атқарылар іс көп екендігін бағамдаймыз.

– Білім мекемелерінің басты міндеті – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балаларды қорғау және суицидті қабылдаудың кешенді жоспары бар. Сол кешенді жоспардағы қалада, мектепте өткізетін 53 іс-шараны міндетті түрде тек есеп үшін өткізілетін іс-шара деп қабылдамауымыз маңызды дер едім. Одан да қолынан іс келмеген мектеп басшылығы қолында бала тағдыры тұрғасын, «менің қолымнан бұл іс келмейді, оның жолдарын білмеймін» деп жауапкершілікті басқа қолынан келетін адамға тапсыру керек. Ашық әңгіме, өткір сын, осындай талқылаулар қатарымызға кездейсоқ келген басшылардан арылуға мүмкіндік берер еді. Қазір біздің қатарымызда заманға сай сұрыпталған ең мықтылар ғана қалуы керек деп есептеймін. Себебі баланың өмірі, денсаулығы, болашағы – біздердің қолымызда, – деді Насымжан Оспанова.

Министрліктегі құзыретті тұлғаның айтуынша, Астана қаласы жекеменшік білім беру ұйымдарының қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілуі мына деңгейде:

- Бейнебақылау жүйесінің ЖБО-ға қосылуы – балабақша 34%, мектеп 67%, колледж 82%.
- лицензияланған күзеттің енгізілуі – балабақша 78%, мектеп 84%, колледж 59%.
- дабыл түймесінің орнатылуы бойынша – балабақша 96%, мектеп 84%, колледж 95%.

## СУИЦИД АЗАЙМАЙ ТҮР

– Психолог мамандардың айтуынша, суицид атауын неғұрлым аз айтса, соғұрлым осыған қатысты жағдай дұрысталады дейді. Сондықтан, суицидтің алдын алу бойынша шұғыл түрде арнайы бағдарламаларды, қосымшаларды ойластырып, жүзеге асыру қажет. Бұл жерде басқа сарапшылардың, әсіресе, медициналық сарапшылардың көмегі қажет, – деді ол.

Насымжан Оспанова келтірген мына мәліметтерді қараңызшы, балалар және жасөспірімдердің суицидке баруы республика бойынша, 2018 жылы – 178, 2019 жылы – 179, 2020 жылы – 140, 2021 жылы – 175, 2022 жылы – 155, 2023 жылы 204 оқиға тіркелген. Астанада 2022 жылы – 5, 2023 жылы 12 оқиға тіркелді. Суицидке ұмтылыс республика бойынша 2018 жылы – 329, 2019 жылы – 350, 2020 жылы – 306, 2021 жылы – 373, 2022 жылы – 309, 2023 жылы 376 болса, Астана қаласы бойынша 2022 жылы – 74, 2023 жылы 76 рет болған.

ӘЛЕУМЕТТІК  
ӘЛІМЖЕТТІК

Бала қауіпсіздігіне қатысты мамандар келтірген деректер мен дәйектер, көрсеткіштер



## ЕЛОРДА МЕКТЕПТЕРІ: ҚАУІПСІЗДІК ҚАҒИДАТЫ

Астана қаласының ұстаздары – еліміздегі барлық ұстаздар қауымына мектеп қандай болуы керек, ұстаз қандай болуы керек, оқушы қандай болуы керек дегенде үлгі тұтар, алдыңғы қатарлы, үздіктер екенін мақтанышпен айтуымыз қажет десек те, балалардың қауіпсіздігіне қатысты мамандар келтірген мәліметтер алаңдатады.

де алаңдатады. Бұл – балаға, оның отбасына, оқу ордасына қатысты мәлімет қана емес, әр бала – біздің болашағымыз, сондықтан, бұл қоғам болып, бала тәрбиесіндегі олқылықтарға, адам түршігерлік цифрларға бейжай қарамай, оны болдырмауға жанымызды сала күресуіміз қажет екені түсінікті.

Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке тап болған кемелетке толмағандарды ерте анықтап, оларға шұғыл көмек көрсетілуі қажет:

- Білім беру ұйымында кемелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылықты, жәбірлеуді (буллингті), кибербуллингті анықтау
- Кемелетке толмағандар арасында білім беру ұйымынан тыс жасалған зорлық-зомбылықты, жәбірлеуді (буллингті), кибербуллингті анықтау
- Кемелетке толмағандар арасындағы зорлық-зомбылық, жәбірлеу (буллинг), кибербуллинг фактілеріне жедел ден қою алгоритмі
- Зорлық-зомбылыққа, жәбірлеуге (буллингке), кибербуллингке ұшыраған немесе оған куә болған кемелетке толмағанға көмек көрсету.

Бұған орталық және жергілікті атқарушы органдар, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту салаларындағы ұйымдар, ішкі істер органы, 111 байланыс орталығы, Бала құқықтары жөніндегі уәкіл, Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкілдер, өзге де мүдделі тұлғалар қатысуы тиіс.

– Балаларға қатысты заңдарды, нормативтік актілерді мектеп, балабақша, колледж басшылары

оқитын «уақыты» жоқ екендігін ескере отырып, методикалық құжат жасап шығардық. Біз осылай жасауға мәжбүрміз. Себебі білім мекемесінің басшылары қолданыстағы нормативтік актілермен танысып, сонымен жұмыс жасаудың орнына оқу-тәрбие жұмысынан өзге басқа «маңызды» істермен айналысып жатыр ма, білмеймін, заңдағы алгоритм бойынша жұмыс кемшін болып



Әзірге таңғы және түскі астың сапасын жақсарту үшін алгоритмдер әзірленбеген. Мектеп асханаларында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жүйелі жұмыс атқармауда. Мәслихат хатшысы елордалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мектеп асханаларын тек тамақ пісіріп қана қоймай, қала тұрғындары арасында танымал азық-түлік желілерінің сенімгерлік басқаруына беру мәселесін пысықтауды тапсырды

тұрғаны аян. Заң аясында жұмыс істейтін құқықтық алаңда кездесу бұйырсын, – дейді Н.Оспанова.

МЕКТЕП АСХАНАСЫН  
КІМ БАҚЫЛАЙДЫ?

– Балалардың тамақтануына қатысты тамақтану ережелері бар, қаржыландыру бар, енді біздің міндетіміз кәсіпкерлердің мәдениеті туралы, бизнестің жауапкершілігін айтуымыз керек. Талап ететін уақыт келді. Әрине, бұл олардың бизнесі, осы арқылы өздеріне пайда табады, бірақ балалардың денсаулығына нұқсан келетін тамақты сатқан кәсіпкерлерден жауапкершілікті талап еткен орынды. Меніңше, балалардың тамақтану сапасы дұрыс болсын десек, тамақтандыруды қамтамасыз ету бойынша алаң бөлек болуы тиіс. Бұл – ата-аналардың балалардың денсаулығын сақтау жөніндегі ұстанымы, – дейді Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Насымжан Оспанова.

Білім беру ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша мектептердегі кемшіліктер:

- Барлық мектептерде әрбір балаға бруттоға қойылатын талаптардың сақталмауы, бекітілген перспективалық мәзір бойынша барлық ингредиенттердің қосылмауы.
- Ауысу режимін ұйымдастыруға жауапты адамның бекітілмеуі (№4, 8, 22, 24, 28, 31, 36, 45, 72, 74, 79, 83, 85 мектептер).
- Шағымдар мен ұсыныстар кітабының болмауы – №45 мектеп.
- Асхана қызметкерлерімен арнайы киім талаптарының

сақталмауы (№4, 8, 24, 36, 45, 72, 83 мектептер).

- Тауар көршілестігінің талаптарының сақталмауы (№45, 72, мектептер).
- Медициналық кітапшалардың болмауы (№45, 72 мектептер)

АСХАНА МӘЗІРІН  
ҚАЙТСЕК ДҰРЫСТАЙМЫЗ?

– Мектептегі тамақ сапасы өте нашар, бастауышқа берілетін тегін тамағы да, жоғары класқа сатылатын тағамдары да нәрсіз, кенеусіз, дәмді емес! Бұл мәселе қашан шешімін табар екен? – деп редакциямызға елордалық көпбалалы ана Алмагүл Құмашова келіп, көптеген ата-аналардың түйегін жеткізген болатын.

Осы мәселені Астана қаласы мәслихатында мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында да қозғады.

– Мектептегі тамақтандыруды ұйымдастырудағы мемлекеттік органдар мен басқа да жауапты тұлғалардың жауапкершілік деңгейі төмен оң өзгерістер жоқ, – деді Е.Каналимов өз сөзінде. Бұл саладағы түйткілді мәселелер жүйелі сипатқа ие және өз шешімін таппай келеді. Бұл жағдай 1-4 сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санатындағы балаларды тегін тамақтандыруға бөлінген сома қомақты екеніне қарамастан орын алып тұр. Оқушылардың жартысына жуығы мектеп асханаларында тамақ ішпейді. Көбінесе тағам дәмсіз немесе төмен калориялы болғандықтан, балалар оны ұнатпайды.

Әзірге таңғы және түскі астың сапасын жақсарту үшін алгоритмдер әзірленбеген. Мектеп асханаларында жұмыс істейтін жеке кәсіпкерлер жүйелі жұмыс атқармауда. Мәслихат хатшысы елордалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында мектеп асханаларын тек



Министрліктегі құзыретті тұлғаның айтуынша, Астана қаласы жекеменшік білім беру ұйымдарының қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз етілуі мына деңгейде:

- ✓ Бейнебақылау жүйесінің ЖБО-ға қосылуы – балабақша 34%, мектеп 67%, колледж 82%.
- ✓ лицензияланған күзеттің енгізілуі – балабақша 78%, мектеп 84%, колледж 59%.
- ✓ дабыл түймесінің орнатылуы бойынша – балабақша 96%, мектеп 84%, колледж 95%.

тамақ пісіріп қана қоймай, қала тұрғындары арасында танымал азық-түлік желілерінің сенімгерлік басқаруына беру мәселесін пысықтауды тапсырды.

– Дәмді тағамдар дайындаумен қатар, инфрақұрылымды жабдықты алып, асханаларға инвестициялауды, балаларымыздың тамақтануын әртараптандыру және жақсартуды тапсырдым. Бұл ретте нысаналы мақсатын өзгертіп 5 жылдан аспайтын мерзімге беру керек деп есептеймін, – деді мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

ТАМАҚ САПАСЫН  
КІМДЕР ТЕКСЕРЕДІ?

Астана қаласы Білім басқармасының кемелетке толмағандардың құқықтарын қорғау бөлімінің басшысы Лаззат Орынбасарованың айтуынша, тамақтандыру сапасын бақылауды күшейту үшін қаланың әрбір мектебінде сапаны бақылау жөніндегі бракераждық комиссия құрылған (оның құрамына қамқоршылық кеңес мүшелері, директор, медицина қызметкері, әлеуметтік педагог және ата-аналар кіреді (кемінде 10 адам).

Комиссияның міндеттеріне тамақ өнімдерінің сапасына, ыдыс-аяқ тазарту технологиясына, тоңазытқыш-технологиялық жабдықтың жарамдылығына, өнімдер мен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуына мониторингті жүзеге асыру кіреді.

Сондай-ақ ведомстворалық сараптама тобын құру туралы бекітілген бұйрық бар, оның құрамына Қоғамдық кеңестің, Қазақ тамақтану академиясының Тамақтану проблемалары институтының өкілдері, қалалық мәслихат депутаттары, «Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігі және ата-аналар қоғамы кіреді.

Сонымен қатар, тамақтану қағидаларына сәйкес қаланың тамақтану сапасын бақылау жөніндегі ведомстворалық сараптамалық топтар әрбір білім беру ұйымында оқушылардың тамақтану сапасын мониторингтеу жөніндегі бракераждық комиссияның қызметіне жүйелі мониторинг жүргізеді. Мектеп асханалары тексерілген соң, анықталған бұзушылықтар әкімшілік шаралар қабылданғаннан кейін жойылады.

## P.S:

Бұл мәселелер, өкінішке қарай, өзектілігін жоймай тұр. Құзыретті тұлғаларды, білім беру ұйымдарын бала өмірінің қауіпсіздігіне немқұрайлы қарамауға шақыру, сарапшылардың пікіріне құлақ асуға үндеу, жауапкершілік жүктеу – міндет.







6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
8:25 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (повтор)
08:00 «Чүкүр» түрік телехикаясы (повтор)
09:00 Time Vine

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Ситком «Бұл өмірде»
07:30 Т/п «АйнаопLine»
08:00 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:35 «INSTA LIKE» (каз.)

ЖҰМА 15 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 «Қазақтар», Деректі фильм
7:00 «TANSHOLPAN».

05:00 «Мой мужчина, моя женщина»
07:00 Тикелей эфирде «Ояң!»
10:00 «Курсаудағы қыз», Телехикая.

06:00 «Қош келдіңіз»
06:45 «Ене» үнді телехикаясы
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТИНА» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»

7:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)
7:30 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
8:25 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»

06:00 Әзіл студия
07:00 Информбюро (повтор)
09:00 Time Vine
09:30 TikTok show

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Ситком «Бұл өмірде»
07:30 Т/п «АйнаопLine»

07:00 «Разминка» (каз/рус)
07:15 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН
7:30 «УЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
8:20 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»

СЕНБІ 16 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 АҚПАРАТ
6:35 «Күй-керуен»

05:00 ТЕЛЕХИКАЯ. «ҮКІМ»
07:30 КОНЦЕРТ.
09:30 «ҰЛЫ ДАЛА ОЙЫНДАРЫ»

06:00 «Қош келдіңіз»
06:45 «Ене» үнді телехикаясы
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
8:15 «П@УТИНА» бағдарламасы
9:00 «ЛУЧШЕ ВСЕХ!».

7:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН
7:30 «УЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
8:20 «ҚОШТАСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ»

06:00 Әзіл студия
07:00 Мультсериал «Маша и медведь»
08:00 «Kupin ALL»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 Т/х «Тек қана қыздар»
09:30 Т/х «Юмор! Юмор! Юмор! Юмор!»

17:00 Х/с «Слабое звено»
21:20 Х/с «Токсичная любовь»
01:20 Т/п «АйнаопLine»

07:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:40 Телехикая «Қағаз кеме» (каз.)
08:30 «INSTA LIKE» (каз.)

ЖЕКСЕНБІ 17 НАУРЫЗ

6:00 Әнұран
6:05 «Дәуір даналары», Деректі фильм
6:55 «Шаңырақ»

05:00 Телехикая. «Үкім»
08:00 Концерт. «Жарай ма?» Ернар Айдар
09:30 «Өз елім»

06:00 «Қош келдіңіз»
06:50 «Ене» үнді телехикаясы
07:15 «Маша и медведь» Мультфильм

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:35 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
7:45 «П@УТИНА» бағдарламасы

20:00 «АНАЛИТИКА»
20:45 Дарья Калмыкова, Прохор Дубравин в многосерийном фильме «ПУАНТЫ ДЛЯ ПЛЮШКИ»

7:05 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР»
9:05 «КОМОРИНА», шоу-программа
11:25 «ЧЕРЕЗ БЕДЫ И ПЕЧАЛИ», мелодрама

31

6:00 Әзіл студия
07:00 BaluFunny
07:30 Мультсериал «Маша и медведь»

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:40 «Өмірдің көктемі» Құрмаш Махановтың концерті

HTK

07:00 Әзіл-күлкі бағдарламасы «Екі езу»
07:40 Телехикая «Қағаз кеме» (каз.)
08:30 «INSTA LIKE» (каз.)

БАСПАСӨЗ-2024
ГАЗЕТКЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!
\*ГАЗЕТИМІЗДІ «ҚАЗПОШТА» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ БӨЛІМШЕЛЕРІНДЕ...

ASTANA AQSHAMY
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!
«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады.

№28-29 (4617) 07/03/2024 Бейсенбі

## ІРГЕЛІ БАСЫЛЫМДАР МЕРЕЙІ

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Айқун» және «Литер» басылымдарының ұжымын 20 жылдық мерейтойларымен құттықтады. Бұл туралы әлеуметтік желідегі парақшасында Мемлекет басшысының кеңесшісі – баспасөз хатшысы Берік Уәли хабарлады.

Гүлшат  
САПАРҚЫЗЫ

– Бұл басылым осы кезеңде өзінің бағыт-бағдарын айқындап, оқырман қауымын рухани серігіне айналды. Мемлекет пен қоғамның ашық диалог алаңы ретінде танылып, түрлі мәселеге қатысты сындарлы көзқарас таныта білді. Газет ұжымы кәсіби журналистердің тұтас буынын тәрбиелеп, қазақ баспасөзінің шығармашылық шеберханасы атанып отыр. Бүгінде бұл басылымдар жетекші ақпарат құралының бірі ретінде ұлттық сана-сезімді жаңғыртуға және мемлекетшілдік рухты нығайтуға елеулі үлес қосып келеді» деп жазылған Мемлекет басшысының «Айқун» газетінің ұжымына арнаған құттықтауында.

20 жыл ішінде қос басылым замананың үніне, қоғамның айнасына айналып, тақырыпты тарқатып жазар талдауларымен, салмақты сараптамаларымен,



сүйекті сұхбаттарымен танылған.

«Бүгінде «Айқун» мен «Литер» – еліміздегі көшбасшы газеттердің бірі һәм бірегейі. «Айқун» мен «Литер» алдағы уақытта да ел дамуына елеулі үлес қоса береді деп сенеміз».

Биыл – «Türkistan» халықаралық газетінің 30 жылдық мерейтойы. Күллі түркі жұртының жоғын түгендеп, ұлт руханиятына қорған бола білген беделді басылымды Президент Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы құттықтады.

– «Түркістан» 30 жылдың ішінде егемен еліміздің жылнама-сына айналды. Осы аралықта оның өзіндік бағыт-бағдары мен сара жолы қалыптасты. Апталық алғашқы нөмірінен бастап тәуелсіз қазақ баспасөзін дамытуға, ел ішіндегі және бауырлас халықтар арасындағы бірлік пен ынтымақты нығайтуға сүбелі үлес қосып келеді. Қазақстанның Халық жазушысы, газеттің тұңғыш бас редакторы Қалтай Мұхамеджанов бастаған көптеген белгілі қаламгер осы басылымда қалтқысыз қызмет етті. Ұлттық құндылықтарды ұлықтауға зор еңбек сіңірді. «Türkistan» алдағы уақытта да ұлттық баспасөздің көкжиегін кеңейтіп, жасампаздықтың жаршысы бола береді деп сенемін. Баршаңызға шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін, – делінген Президенттің құттықтау хатында.

«Elorda Aqparat» ЖШС-ке қарасты «Astana-akshamy» газетінің ұжымы әріптестерін осынау мерейлі мерейтойларымен құттықтап, газет ұжымдарына шығармашылық табыстар тіледі. Ұлт мүддесіне қызмет ететін жазарларыңыз көбейе берсін!

## Әлия бейнесін салғадарған

Биылғы қаңтар айында Кеңес Одағының Батыры Әлия Молдағұлованың ерлікпен қаза тапқанына 80 жыл толды. Бар болғаны 19 жасында ел қорғау жолында құрбан болған қазақтың қаршадай қызы туралы әдеби шығармалар мен әндер жазылды, көркем және деректі фильмдер түсіріліп, спектакльдер сахналанды. Соның әзірге соңғысы – өткен жылдың аяғында М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында қойылған Қанат Жүнісов пен Игорь Сединнің «Әлия» драмасы.

Аманғали  
ҚАЛЖАНОВ

Қойылым, негізінен, Әлия Молдағұлованың соғысқа алынып, мергендерді даярлау мектебіндегі кезеңінен сыр шертеді. Онда халықтар достығы, түрлі ұлт қыздарының бауырмалдығы, Әлияның сабақты бірден қағып алатын зеректігі, қажыр-қайраты жақсы көрсетілген. Әлия бейнесін жас актриса Айжұлдыз Халикова сәтті алып шықты.

«Маған Әлия бейнесін сомдау оңай тиді деп айта алмаймын. Батыр қыз жайында қолымда көп ақпарат та болмады. Бірнеше хатпен, оның өміріне қатысты кейбір деректермен таныстым. Мен үшін оның жан дүниесін ашу маңызды болды. Сондықтан кейде қиялға ерік беруге тура келді. Бұл бір жағынан қызық болса, екінші жағынан моральдік тұрғыдан ауыр болды. Пьесаны алғаш оқығанымызда тебіренбей тұра алмадық. Кейбір оқиғалар, тіпті көзге жас алғызды. Жиырмаға толмаған қаршадай қыздың өмірде көрмегені жоқ еді. Жастайынан жетім қалып, жалғыз ағасынан айырылды. Сүйікті адамдарын ерте жоғалтты. Өзім оның жұрт айтатындай өр, асқақ бейнесін емес, нәзік жүрегін, махаббатын көрсетуді мақсат тұттым» дейді Айжұлдыз.



Оның айтуынша, Қанат Жүнісов пен Игорь Седин бірлесіп тудырған пьеса ешкімді бейжай қалдырмайды. Соның ішінде драманы қоюшы режиссер Игорь Седин сюжетті Әлияның өзіне ғана емес, Отанға деген махаббатқа, өмірге құштарлыққа, адамдарға сүйіспеншілікке құрды. Спектакльде басты орынға отаншылдық сезімі шығарылған. Актерлер қойылымда кейіпкерлерді сомдау арқылы осы сезімді бастан кешті.

«Қазіргі күрделі заманда адамдарға махаббат керек. Адамзат сүйе біліп, сүйікті болуы қажет. Біз сол үшін жаралғанбыз. «Әлемді махаббат құтқарады» дейді, мен соған сенемін» дейді Айжұлдыз.

Қазақ ұлттық өнер университетінде Сергей Матвеев пен Наталья Матвееваның шеберханасын бітірген Айжұлдыз М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театрында істеп келе жатқанына сегізінші жылға кетті. Талантты жас актриса КСРО халық әртісі Шолпан Жандарбекова атындағы XXVIII республикалық театрлар фестивалінде А.Островскийдің «Найзағай» драмасындағы бейнесі үшін «Шолпан жұлдыз» арнайы аталымын иеленді.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

жанды дауыс (КОНГРЕСС ХОЛЛ) **07** наурыз 19:30

**NURBULLIN**

7 наурыз 19:30

Филармония залы

**ТОҚТАР МЕН БЕЙБИТ**

8 наурыз 16:00, 19:30

Филармония залы

**МАХАББАТ МИНИАТЮРАЛАРЫ**

8 наурыз 19:00

Жастар театры

**МЕРЕКЕЛІК ЖАҢА БАҒДАРЛАМА**

**ШЫМКЕНТ ШОУ**

9 наурыз 19:30

Филармония залы

АСТАНА ҚАЛАСЫ ФИЛАРМОНИЯ ЗАЛЫ (КОНГРЕСС ХОЛЛ) **10** наурыз басталуы 19:00

**«БОЛАЙЫҚ БІРГЕ»**

10 наурыз 19:00

Филармония залы



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №28-29

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ